

жігер, жүрек
және нисет болса....

Гүлнара
Бажкенова

Гүлнара Бажкенова

**Жігер, жүрек
және ниет болса...**

Бұл басылым Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен
дайындалды. Кітап мазмұны толықтай автордың көзқарасын
білдіреді және Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен
сәйкес келуге міндетті емес.



Орыс тілінен аударған Жұлдыз Әбділда
Мұқабасын жасаған Маржан Усина
Иллюстрациясын жасаған Айгерім Түменбай
Беттеген Маржан Сыбанқұлова

© 2018 Бажкенова Гулнара
Жігер, жүрек және ниет болса... —
M.: "Мемлекеттік Қызмет —
Государственная служба" баспасы, 2018. — 176 б.

МАЗМҰНЫ

5 Алғы сөз

1 бөлім

- 13 Боранды Бекеттегі «Аманесен»
- 28 Исатай
- 45 Есен

2 бөлім

- 59 Қазалыда Шынарды кім білмейді?..

3 бөлім

- 77 Жазықсыз періште
- 87 Нұрадин, Нұрикош
- 95 Ұмай

4 бөлім

- 118 Қайтпас қайсар Аружан
- 127 Қатал мұғалім Сәулежан Үәзірқызы

5 бөлім

- 138 Аты да, заты да – Алтын

6 бөлім

- 152 Мустопуло, Хокинг және олардың әлемі

7 бөлім

- 164 Біз... Бәріміз...

Жігер, жүрек және ниет болса...

Алғы сөз

Соңғы бес жыл көлемінде инклузив білім беру саласында жұмыс істей жүріп, айрықша балалардың рөлінің қаншалық жогары және маңызды екенін, өсіреке балаларды оқыту мен қоғамға бейімдеуде олардың рөлі зор екенін түсіндік. 2014 жылы біздің қолдауымызбен «Ата-ананың қолынан көп дүние келеді» кітабы жарыққа шыққан уақытта мұндай балалардың білім алудына қол жеткізу оңай емес екенін, тек дұрыс қолдау көрсеткен жағдайда ғана кедергілерді женуге болатынын білдік. Кітапқа қатысты көпшіліктің пікірі жақсы болған соң бұл жұмысты жалғастырсақ деген шешімге келдік. Бұл жолы қажеттілігі әртүрлі балалар оқытын мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдерді басты назарға алдық. Бұл кітапта айтылған оқиғаның қай-қайсысы да мұғалімнің сыныптағы рөлінен гөрі шын мәніндегі ұстаз дегеннің қандай болатынын аңғартады, автордың көзқарасы арқылы біз

мұғалімдердің ұстаз, көмекші, шабыт беруші, еліктейтін тұлға, дос және жанымызға жақын адам екенін көреміз.

Бұл кітаптағы оқиғалар — білім беру саласында жүрген қатардағы мұғалімдер мен ұстаздардың күн сайынғы атқарып жатқан қыруар жұмысының бір парасы ғана. Мұғалім мәртебесінің төмендігі де, жалақыларының аздығы да, бұл мамандыққа қоғам назарының жеткілікті дәрежеде болмауы да оларға кедергі емес, олар өздеріне міндетtelген жұмысты мейлінше сапалы атқарады, адам ретінде де жаны ауырады, алдарына келген әр баланың тағдырына араласып кете барады.

«Жігер, жүрек және ниет болса...» кітабындағы кейіпкерлер тағдыры жігерлендіріп қана қоймай, әрі қарай не істеу керектігі жөнінде ойлануға да жол ашады. Бұл кейіпкерлердің әрі қарайғы тағдыры қандай болмақ? Өмір жолында нағыз Ұстазды кездестіре алмаған бала-лардың тағдыры не болмақ?

Бұл кітап мұғалім мамандығының мән-маңызы әлі де жогары екенін, оның әлі де мәртебелі екенін көрсетеді, өйткені біз балаларымызды мұғалімге сеніп тапсырамыз. Бұл кітап еліміздегі мұғалімдер қауымына ғана емес,

ата-аналарға да ой салып, шабыт береді деп үміттенеміз. Мұғалім мәртебесінің артуына сөл де болса үлес қосарына сенеміз.

Кітапты кез келген адам Сорос-Қазақстан қорының сайтынан оқи алады.

Сәулө Каликова, қоғамдық саясат жөніндегі кеңесші, Сорос-Қазақстан қоры
Айнүр Шакенова, «Баршаға арналған қоғам» бастамасының үйлестірушісі, Сорос-Қазақстан қоры

*Ешкім есік ашпаса, бірден бірнеше
есікті қағыңыз.*

Ник Вуйчич

Менің бала күнімде мүгедектер болған жоқ. Біздің балдәурен шағымызда өлем келбетті де көркем, болашағына сенімді жандардан тұратындей еді. Кеңес адамы дегенде көз алдымызға кинодан немесе үгіт-насихат материалдарынан көретін жауырыны қақпақтай ер адам мен аяқ-қолы балғадай әйелдер елестейтін. Олар тек ерлік жасау үшін дүниеге келетіндей еді, дүниеге сау ұрпақ әкелетіндей, ешқашан мұңаймайтындей, тіпті мәңгі жасайтындей көрінетін. Ал жолы болған кей адамдар ең алғаш шекарадан ары асқанда Батыстағы барышылықпен қатар, мүгедек адамдардың тым көптігі де назарларын аудартқан. Батыс елдерінің «денсаулығы нашар» деген түсінік санада тез орнығып та қалатын, өйткені біз өз еліміздің көшелерінен қоларбаға таңылған адамдарды көрмейтінбіз. Ал мұндай мемлекеттік стандартқа сай келмейтіндер дүниеге келе қалса да, үйінде қамалып отыратын, сыртқа аттап баспайтын. Немесе мүгедектерге арналған интернатты мекен ететін де, жасына қарай бірінен екіншісіне ауысып жүре беретін.

Алғаш рет көзі көрмейтін адамды университеттің бірінші курсында оқып жүргенімде көрдім. Орталық

универсам маңындағы ығы-жығы халықтың арасында ер адам жетектеген жас әйел кетіп бара жатты, бүкіл жүрттүң назары соларға қарай ауғандай еді. Осы кітап кейіпкерлерінің бірі Анар Ізден мүгедектер арбасына таңылған адамды ең алғаш «Артекте» демалған кезінде Севастопольдің музейінен көріпті. Мүгедек адамдардың да музей аралайтыны оны қатты қайран қалдырыпты.

Айналамызда әртүрлі адамдардың болуына көзіміз үйренбегендіктен, біз оларды қабылдай алмаймыз. Өзімізге ұқсамаса болды, ат қойып, айдар тағып жіберуге дайын тұрамыз. Қоларбада отыратын көкшетаулық Алмаз Ержан Фейсбук желісінде өте белсенді, ол біздің қоғамда «ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деп, құлагы нашар еститін адамды кемсіте салу түкке тұрмайтынын айтады. Адамның артықшылығын емес, кемшілігін көрсету кеңестік дефектологияғының негізі болды. Кеңестік гуманизмнің бар қолынан келгені айрықша қажеті бар адамдарды қоғамнан оқшаулау болды, қазақстандық білім беру жүйесі де соңғы уақыттарға дейін осы ұстанымда болды.

Бұл кітап алғашқылардың қатарында қалыптасқан сеңді бұзып, қоғамнан оқшауланып қалған балаларды жарыққа шығарып, оларды жалпы көпшілікпен араластыруға, қоғамға қосуға әрекет еткендер туралы.

1-БӨЛІМ

**Боранды Бекеттегі
«Аманесен»**

Қазақстанның батысындағы ең соңғы станция. Жапандаладағы жалғыз түп сексеуілдің түбіндегі жатаған үй. Жазда мұнда аптап ыстық болса, қыста қақаган аяз берен боран болады, ал желі жыл он екіншіндей болады. Станция вокзалға мұлдем үқсамайды, мұнда күту залында елеңдеп пойызын күткен жолаушы жоқ, күтіп алып, шығарып салған жұрт та жоқ; бұл жерге Қазақстанның мұнайын өлемдік нарыққа алып шығатын тауар тасымалдайтын пойыздарға тоқтайды.

Айша бұл жерге алғаш аяқ басқанда теміржол техникумын енді бітірген үлбіреген бойжеткен болатын. Кеңес өкіметі құлап, шартты шекара мемлекеттік шекараға айналып, батысқа жүк тасымалдайтын пойыздарды мұқият тексеру қажеттігі туған кез. Содан бері қарайры жиырма бес жылда Құлсары стансасының аға жүк қабылдаушы қызметкери Айшагул Қозыбақова әр екі тәуліктен кейін кезекшілігін атқарып келеді. Күн демей, түн демей, қыстың қақаган аязында да қолына фонарын алып, тайғақ баспалдақпен вагонның төбесіне көтеріліп, жалаңаш қолымен пломбыларға тексереді. Жайғана қарап қоя салмайды, мұқият тексереді, мұнайымызға

ешкім қол сүқпаганына көз жеткізіп барып жібереді. Бұл қызметті атқаратын әйелдерді Отан қорғап тұрған шекарашибармен қатар қойса да артық болмас. Бірде әріптес келіншекті жел үшірып әкетіп, пойыздың астына бірақ түскені бар. Құдай оңдағанда жеңіл жарақатпен құтылды. Қазір ғой арнайы жарық жолағы бар біркелкі киім киеді, ал тоқсаныншы жылдары көдімгі күпәйке киетін. Ол кезді Айша қазірге дейін күрсініспен еске алады, қиналғанын айтады. Екі мыңыншы жылдары да жағдай оңала қойған жоқ, одан кейін де, жалпы күні бүгінге дейін қажырлы еңбекпен, күнкөріс үшін күреспен өмірі өтіп жатыр екен. Еліміздің осы бір қызы шетіне барғандаға табиғатымыздың қандай қатал екенін түсінгендей боласың. Біздің климатымыз расында да тым қатал.

Айша Ақтаудың қызы, бұл жаққа еңбек жолда-масымен келген. Бірде клубта бір жігітпен танысып, бір-бірін ұнатып, екеуі шаңырақ көтерді де, осында біржола қалды. Тоқсаныншы жылдардағы қыын-қыстау кезеңде үш ұл туды: 1994 жылы тұнғыштары Арман дүниеге келсе, 1997 жылы Аман, Есен деген егіз ұлдың

ата-анасы атанды. Аман дүние есігін айғайлап ашса, Есен елеусіз ғана үн шығарған. Ал екі мыңыншы жылдардың соңында Мұрат пен Айшаның шаңырағында көптен күткен қызы — Гүлназым дүниеге келді.

Улкен әрі еңсөлі үйдің ас бөлмесінде отырмыз. Қабырғасы әппақ бөлмелер, еденге төселген қалың парсы кілемдері, соңғы үлгідегі теледидар, қаттала жиналған құрақ көрпенің түр-түрі үй иелерінің тұрмысы төүір екенінен хабар береді. Жағдайы жақсы әр қазақтың басындағы жағдай мұнда да байқалады, келімді-кетімді кісі көп. Туыстар, көршілер, таныстар бірі келіп, бірі кетіп жатыр. Бір сағат бұрын ғана сойылған қойдың еті қазанда бабымен қайнап жатыр. Мұрат пен Айша Исағалиевтерді Құлсарыда барлығы біледі, сыйлайды. Олар дәүлетті фермерлер, қайырымдылықпен де айналысады. 400 гектар жері, 20 түйе, 20 жылқы, 50 сиыр, 300 қойы бар.

Джип көлігіне мініп, отбасының шаруашылығын көруге барғанымызда жолдың бір қапталына қауын, қарбыз, кәді, қызанақ, сәбіз, пияз егіп тастағанын көрсек, келесі бетте жылқы жайылып жүрді, айтуларына

қарағанда, жерді осылай демалдырып алады екен; жаңа шабылған жас шептің жанында жап-жаңа трактор түр, ал жұмысшылар бір күндік көк-сөкті жинап біткен беті екен. Қырқүйектің кешіндегі осы бір көрініс керемет сұлу көрінді.

Осының бәріне Мұрат пен Айша оңайлықпен жеткен жоқ, еңбекпен, қиналыспен жетті. Қазіргі үлкен үйдің орнында бір кезде кішкентай ғана құжыра болатын. Боранды күні жұмыстан келе сала Айша үй шаруасына кірісетін, содан кейін балаларды үйге тастай салып, отбасылық бизнесті жолға қою жолында тер төгіп жүрген Мұратқа көмектесуге егістікке қарай жүгіретін. Бірден қолдары жүріп кете қойған жоқ. Ауылда өскендіктен, малдың жайын жақсы білетін ерлі-зайыптылар бірде қой бақса, енді бірде сиыр, тағы бірде түйе бақты, кейде бәрін бірге де ұстап көрді. Кірісінен шығысы көп болып, қожайындарға түк қалмайтын кездер де бастан өтті. Балаларға қараяуға мұрша болмады. Бүкіл елдегі жағдай Мұрат пен Айшаның шағын отанында да болып жатты. Улкен ұлдары Арманның есту қабілеті нашар екенін олар бірден білген еді, ал Есеннің денсаулығында кінәрат

бар екенін жасқа таяғанында бір-ақ білді. Аман үнемі жылап, әрнені сұрайтын бала болды да, Есен тым тынымды болды, тамағын ішетін де ұйықтайдын, одан өзгені білмейтін. Кейін дәрігерге апарғанында Атыраудағы невропатолог: «Балаңыз мұлдем естімейді, осы уақытқа дейін қалайша білмедініздер?» — деп таңғалысын жасырмады.

Мұрат пен Айша шынында да білмеген еді. Оның үстіне бір айналдырганда шыр айналдырады деп ойлаған жоқ, әрі бұл жолғысы тіпті ауыр еді. Тұңғыштары Арман нашар естиді, Аман – сап-саубала, ал Есен мұлдем естімейді. Оның тым тынымды болуының сыры да осында екен, ештеңені естімегендіктен жыламайды екен. Дәрігерлер мұның емі жоқ екенін айтты, операция туралы әңгіме де болған жоқ. Бұл диагнозды отбасы тағдырдың жазуы деп қабылдады.

Тоқсаныншы жылдары қолда қысқа еді, ал қазір, міне, кең сарайдай үйде ақ дастархан басында отырмыз. Жер үстел емес, европалық үлгідегі биік үстел. Жас малдың етін жеуге жиналғандар да аз емеспіз – үй иелері, олардың ұлдары, Мұраттың інісі, Айшаның алыс туысы және

осы үйде тұратын өскемендік Айдар деген азамат. Айдар бұрынғы инженер, ал қазір Мұраттың оң қолы, ішкілікке салынып, қолдағы барынан айырылып, кейін осы жерге келіп жаны жай тапқан адам екенін жанарынан-ақ аңғардым. Дастанхан басында бір-бірімізben орысша сөйлесіп отырған да Айдар екеуміз ғана. Неше күннен бері тек қана қазақша сөйлесіп, қазақы ортада болған мен үшін Айдардың бір акцентсіз таза орыс тілінде сөйлеуі таң болғанын да жасырмаймын. Кешкі тамақтың кезінде де шаруашылықтың мәселесі назардан тыс қалған жоқ, әңгіме қарбыз туралы болды, өйткені қарбыздың маусымы еді. Кіші бауыры Мұраттан бір-екі гектар жерді жалға алған екен, тамыз айында қанша өнім жинағанын, қандай пайдада көргенін айттып өтті. Ал Мұраттың өз шаруашылығы күніне Құлсары мен Атырауда 14 тоннадан сатады екен. Тәп-тәтті, азғантай ғана дәрі қосылған (Мұраттың қарбызыға аздал селитра қосатындарын жасырмай, шынын айтқаны ұнады) қарбызды пышақ үсті бөлісіп әкетеді екен. Есен тауардың Атыраудағы сатылымына жауапты: күн сайын таңертең жүк көліктерін күтіп алады, тауарды сауда нұктелеріне апарады, қағазын толтырғаннан

кейін түсіріп береді. «Жарайсың!» деп бас бармағымды шошайтып ем, Есен оныма назар да аудармады. Бізben бір дастархан басында отырганымен, ойы мұлдем басқа жақта сияқты. Үйде ол өзін үнемі осылай үстайды-ау деп ойладым. Өйткені дастархан басында отыргандардың ешбірі ым тілін білмейтін еді.

2012 жылы Ақтөбеде Бейбітшілік корпусының америкалық еріктілері құлағы нашар естітін және мұлдем естімейтін балалармен жұмыс істей жүріп, облыс көлемінде олардың ешбірінің ата-анасының ым тілін білмейтінін анықтайды. Балалар жай ғана әңгімелескісі келетінін, соның ішінде көпшілігі анасымен және әкесімен әңгіме-дүкен құруды армандайтынын айттыпты. Мұны естіген америкалықтар ата-аналарды балалармен жақындастыру үшін оларға ым тілін үйрететін тегін курс үйымдастырады, оған он бес адам жазылыпты. Оларды Аарон Бин есімді ерікті оқытады, Аарон ағылшының ым тілін меңгерген және орыс тілін оқып үйренген. Сабаққа ата-аналармен бірге балалар да қатысқан. Ал курс соңында ата-аналар балаларымен сөйлесудің жақалық болғанын айттып, көздеріне жас алыпты. «Біз баламыздың

не туралы ойлайтынын білген де жоқпыз», «біз оның нені армандайтынын білмедік», «өз баламды мұлдем танымайды екенмін» десті олар.

Келесі жылы курсқа қатысуға ниет білдірген ата-аналардың саны арта түсті. Алайда Ааронның волонтерлік қызметі аяқталып, ол еліне қайтып кетті. Оқып алған ата-аналардың арасынан осы курсты ары қарай жалғастыруға ниетті бірде-бір адам табылмады. Заманауи әдіstemеге сай, ым тілі зиян болып есептеледі, оны құптаудың қажеті жоқ делінеді. Бұл ретте ешқашан ым тілін білмеген, үйренбеген қазақстандық ата-аналардікі дұрыс та еді. Дегенмен дәл сол әдіstemе бойынша балаларды еріммен оқуға үйреткен жөн. Оның үстіне, Атыраудағы интернатта тәрбиеленіп жатқан балалар басқалардың ым тілін білгенін қалайтындарын, өсіресе аналары мен әкелері білсе, қандай ғажап екенін айтты.

Тоғыз жасқа дейін Есеннің серігі тыныштық болды. Онымен ешкім сөйлеспейтін. Тұрмыстық мәселелерді қысқа-нұсқа ыммен түсінісетін, онысы «тамақ ішеміз», «ойна», «ұйықта» дегенмен шектелетін. Мұны түсіндіру

онша қынға соқпайтын. Келбетті, талантты, сымбатында бір мін жоқ («Құйып қойған Нуреев!» деген-ді арада біраз жыл өткенде халықаралық конкурстағы жюри мүшесі) Есен дыбыссыз және мағынасыз өмір сүріп жатты. Мұндайда айналадағылар мен қоршаған орта туралы түсініктің қалай қалыптасатыны қызық; жер мен көкті, әкесі мен анасын бәрібір біледі гой!

— Олардың әкең мен анаң екенін қалай білдің? — Журналистік қызметімдегі ретсіз сұрақтың бірі осы болды-ау.

— Олар маған қамқор болды.

Екеуміз Атырауга бірге қайттық, әңгімемізді де қайтар жолда жалғастырдық, судроаудармашы тілмаш қызметін атқарды.

— Сен оларды жақсы көресің бе?

— Иә, олар маған жақсы қарайды.

19 жастағы бозбаланың жауабынан баланың ойын аңғарасың. Қайсыбір сауалға «ол былай, себебі...» деп түсіндіре алмаса, түйікқа тірелгендей болады.

— Бала күніңде айналандағылардың барлығы бірбірімен сөйлесіп жатқан уақытта оларға қосыла алмаған кезде ренжитін бе едің?

Есен сұрақты қайталауымды өтінді, ойланып қалды, сосын біразға дейін үнсіз қалды. Табиғатынан зерек, бірақ даму үшін маңызды кезеңде мүмкіндікті пайдалана алмағандықтан, кейбір абстрактілі сұрақтарды түсінуге қиналады, оның ойынша белгілі бір нәрселерге ғана ренжуге болады, мысалы, бір құнды затын тартып алса немесе қоңіліне тиетін сөз айтса ғана ренжуге болады.

Есен — Атыраудағы есту қабілеті нашар және мүлдем естімейтін балалар оқытын мектеп-интернат түлектерінің ішінде алдыңғы қатарда, бәлкім бүкіл Қазақстан қолемінде шығар. Оның жақсы ортада өскені, тәрбиелі отбасынан шыққаны, мінез-құлқы мен тәртібінің жақсы екені алғаш танысқан сөтте-ақ аңғарылады, кейіннен мұны колledgeлер де айтты. Ата-анасы Есен үшін қолдан келгеннің бәрін істеді, шындаса Құлсарыдағы басқа балалардан гөрі артық жағдай жасады. Ал балабақшаға және мектепке неліктен бермеді десеніз, Есенді алмады, алуға болмайтын еді. Неге ата-анасы ым тілін үйреніп алмады? Үйреніп алғанында ұлдары туралы көбірек білер еді гой, мысалы, оның Үндістанды жақсы көретінін, мұхитты қоруді армандастынын, ютубтан



террорлық әрекетті көрген кезде көңілі түсетінін, көзіне жас алатынын, адамдардың әртүрлі ерекшелікке орай бөлінбейтін күні тууын армандастынын білер еді гой... Бірақ бұл сұрақты қоюға дәтім бармады. Өйткені оны айтқызбай-ақ біліп тұрдым: мұрша болмады, оның үстіне үнемі қара жұмыс істеген адамның оған уақыты да болмады. Мамыражай өмір сүретіндей қалада тұrmайды.

Есеннің ел қатарлы болуына сыңарының септігі көп, өзінен он минут бұрын дүниеге келген және дені-қарны сау Аман оған көп көмектесті. Екеудің үнемі бірге ойнайтын, есту мен естімеудің айырмасын да түсіне бермейтін. Есен бақытты бала болып өсіп жатты. Сөйтіп жүргендे мектепке баратын күн де жақындады. Бір күні таңертең анасы егіздерді үйқыдан тұрғызып, тамақтандырыды да, Аманга жаңа костюм-шалбар мен ақ жейде кигізді, ал Есен үйге киіп жүрген ескі шалбарын киді. Анасы, Аман, Есен үшеуі мектепке барды. Қабыргасы әппақ болып әктелген кең бөлмеде Аман ғана қалды, ал Есенді анасы жылағанына қарамай үйге алып келді. Алып келді деген жай сөз, жүрмей, тіресіп, орайы келсе қашып кеткісі келген Есенді анасы сүйреп әкелді. Есен де Аман секілді

мектепке барғысы келді! Оның қай жері кем еді? Сол кезде айтылмаған ол сауал әлі де өзекті: «Неге?». Неге Аманга болады да, Есенге болмайды?

— Өйткені сенің құлағың естімейді гой, сенің жолың болмайды, — дегенді жүйе айтты.

Екі жыл бойы Есен күн сайын сыңарын мектепке шығарып салып, қайтып келіп жүрді. «Алаңдамай ұйықтай бер, Аман өзі барады, кішкентай бала емес қой» дегенді тыңдамады. Бәрінен бұрын тұрып алатын. Бірақ жыламайтын болды. Жылағанмен не пайда, ол сияқтыларды мектепке алмайды еken. Есен үшін сыртқы әлеммен байланыс жасаудың жалғыз ғана мүмкіндігі Атыраудағы құлағы естімейтін және нашар еститін балаларға арналған интернат болды. 225 шақырым қашықтағы ол мекенге көлікпен төрт сағат жүріп бару керек еді. Есен 10 жасқа толған сәтте ұзақ ойланып, көп кеңесіп, дауласа отырып (әкесі қарсы болды), ақыры бір шешімге келді, Есен жолға жиналды. Үй іші тегіс жылады.

Барлығы үшін маңызды, соның ішінде Есен үшін жөні бөлек бұл оқиға шаруашылықтағы өзгерістермен

де тұспа-тұс келді: сол жылы Мұрат алғаш рет жалға жер алды, бастапқыда екі гектармен шектелді. Айшаға жұмысынан 750 мың теңге несие бере қалды да, олар тұқым алып бақша екті, Қарақалпақстаннан келген төрт жұмысшыны жалдады. Енді үй іші тегіс жұмысқа жегілді, тіпті балалар да қалыс қалмады; күзгі жиын-терімнен кейін қарыздан да құтылды, әрі қолда 200 мың теңге таза пайда қалды, бұл «Аманесен» шаруашылығының бастапқы табысы еді. Осыдан кейін жұмыстары жүріп берді. Ал Есен 10 жасында бірінші рет туган үйінен жыраққа аттанды. Не оқуды, не жазуды білмейтін, ыммен болсын ойын жеткізе алмайтын бала осылайша жолға шықты. Есесіне ол фермадағы жұмыс туралы көп нәрсені біletін, қазірге дейін жазғы демалыс кезінде шаруашылықтың жұмысынан қатты шаршайды. Мұндайда әкесі ұлдарының таңнан қара кешке дейін түяқ серіппей жұмыс істей беретін үйіндегі жалдамалы жұмысшылар сияқты пысық емес екенін қайта-қайта айттып-ақ шаршатады.

Исатай

— Не болды, балақай? Неге жылап отырсың? Би үйірмесіне қатысқың келе ме?

Исатай Есенді алғаш рет интернаттың дәлізінде көрді, жасөспірім терезеге қарап, егіле жылап тұр екен. Анасы осында әкеліп тастағалы бір жыл өтсе де, Есен интернатқа үйренісе алмады, үнемі үйін сағынатын. Қасында өзі секілді балалар көп еді, ең бастысы олармен ым арқылы сөйлесуге, тілдесуге болатын, ал ым тілін Есен тез-ақ меңгеріп алды. Оқи бастады, интернаттағы оқу шартты нәрсе екеніне қарамастан, Есенге оқу процесі қатты ұнайтын. Интернатқа келген алғашқы жылы-ақ көбейту кестесін жаттап алған. Ал арада көп жыл өткенде «қөдімгі» қатарластары оқитын колледжге түскен Есен өзінен артық тугандардың көбейту кестесін білмейтініне таңғалған.

— Би үйірмесі дейсіз бе? Құлағы естімейтіндер билеуші ме еді, біз музыканы естімейміз гой?

Есен ұзын бойлы, арық ағайға бұл сұрақты сенімсіздікпен қойды. Иә, би үйірмесі, біз тек билеп қана қоймай, ән де айтамыз, үйірме дегеннен гөрі толыққанды ансамбль десек те жарасар! Исатай Есеннің табиғат берген болмысына бірден назар аударған, бойында бір мін жоқ,



аяғы ұзын, басын тік ұстайтын бұл баладан кереметтей балет өртісі шығар еді-ау.

Осы сәттен бастап Есеннің жаңа өмірі басталды. Өзің естімейтін, бірақ жүйке жүйенмен сезетін өуеннің ыргагымен дайындық; әр биді қызу талқылау және дауласу; көрермен ду қол шапалақ согатын концерттер... ал олардың қандай сезімде екенін тек жүзінен ғана аңғарасың. Есен осы сәттен бастап ол үшін құпия дыбыстарды естітін және сөйлей алғатын адамдардың жанында өзін жалғыз сезінбейтін болды; музыка мен биден беретін Исатай Елеусінов оны қолынан жетектеп, саңыраулар елінен басқа өлемге алып кетті. Есеннің балалығы осылай аяқталды.

Исатайдың ата-анасының үйі Атыраудың орталығында. Үйде адам қарасы көп екенін көріп, кәдімгі қазақы үлкен отбасы деп ойлағанмын, сөйтсем Исатайдың ағалары мен әпкелері әлдеқашан жеке шаңырақ құрып кеткен екен, ал мұнда жүрген адамдар — Исатайдың оқушылары, олардың достары мен туыстары. Есен де, оның Құлсарыдагы көршісі Азамат та осында жүр, басқа да қыздар — жігіттер көп. Олардың бірі сонау Ақтаудан келіпті, Исатайдан тігу мен пішуді үйренбек екен. Топ адам үй ішін емін-ерін

шарлап, біреуі сурет салып, енді бірі киім пішумен өбігер. Ең қызығы, Истатайдың ата-анасы қабақ шытпайды екен, керісінше, олар да көппен бірге қарбаласып жүр. Мені де құшақ жая қарсы алды, «қайдағы қонақүй, осында қонасың» деп жатыр.

Қазақ ауылдарында әр шаңырақтың есігі айқара ашиқ екеніне бойым үйреніп қалған, дегенмен мұндағы көргенім мені таңғалдырды. Истатайдың көлігін үнемі Азамат айдап жүреді, оның туыстық қатынасы бар-жоғын сұрасам, «Туыс деуге де болады», — дейді Истатай.

Мұнда жүргендер қонақ та емес, осы үйдің толыққанды қожайындары секілді: шаршасаң — жатып демал, қарның ашса — тамақ тоқазытқышта, жылыт та жей бер. Мен мұнда өзімді басқа елден келген адам сияқты сезіндім, жағымды дегенмен, мұндағы көргенім мен үшін мұлдем жат дүниелер еді. Мұндай кеңдік пен жомарттық мені расымен қайран қалдырды.

Есен баяғыда интернаттың дәлізіндегі алғашқы кездесуден бері Истатайдың үйінде тұрады. Қашан көрсөн мұңайып жүретін баланы Истатай сабактан кейін үнемі үйіне алып кетіп жүріпті. Ол кезде атасы тірі екен, «баланы

босқа қинаудың қажеті жоқ, осында тұрын, тағы бір немерем болады» дегенді айтқан да сол ақсақал екен. Осылайша Есен Елеусіновтер отбасының кенжесі болып шыға келіпті. Ең қызығы, жақын маңда әкесінің туған бауыры тұрады, иә, әлгі Құлсарыда бір дастархан басында тамақтатын ағасы. Есеннің әкесі балалар қалаға барып оқыған кезде сол үйде тұрын немесе қонаққа барып тұрын деген оймен бауырының үй салып алуына жәрдем жасаған. Бірақ Есен бұл кезде жаңа отбасын тауып ұлгерген еді.

Әкесі мен атасы да баяғыдай қызғанбайды. Алғашқы жылы ата-анасы әр екі ай сайын Есенге баратын, уайымдайтын. Есен де үнсіз жылаумен болатын. Қайтар жолда Мұрат пен Айша ұрсысып тынатын, Мұрат балаға ешқандай да оқудың керегі жоқ екенін, егіс басында жұмыс істеп, қасында жүргені дұрыс екенін айтатын. Тіпті әкесінің айтқаны болуга сәлғана қалған. Өйткені уайымнан ба, Есен өкпесіне суық тигізіп, қатты ауырып, бірнеше ай ауруханада жатып қалған. Сол сәтте интернатқа Истатай келдіде, бәрі өзгеріп сала берді. Есен анадан жаңа туғандай мұлдем басқа адам болып шықты. Көңілі көтерілді, рең-басы да түзелді, каникулға келгенде де үйде қаламын деп жыламайтын

болды, керісінше енді ансамбль, концерттер, басқа қалалар туралы айтатын болды. Түрлі-түсті костюм киіп, сахнада ән айтып, би билеген сөттері бейнеленген суреттерді әкелетін, бауырлары мен көршілері таңдай қағумен болатын. Әкесі мен анасы да қайран қалды, олар тағдырдың жазуына көндігіп те қойған еді, енді ештеңе өзгермес деп ойлаған. Исадай пайда болғаннан кейін Есенге жиі баруды да сиретті, ал фермерлер үшін бұл аса маңызды, бұлар кеткенде шаруашылық тоқтап қалатын.

Исадай қателеспегенін алғашқы сабакта-ақ білді: баланың қабілеті ерекше, ол мұғалімнің бір айтқанын қағып алып, әдетте құлағы естітін, дауысы да бар балалар әрең үйренетін би қымылдарын еш қызындықсыз жасайтын болды. Есен биді және бимен байланасты барша дүниені ессіз жақсы көрді. Құлағы естімейтін балалар оқытын мектеп-интернатта музыка мен хореографиядан беретін Исадай Елеусінов құрган көркемнерпаздар ансамблі Есенге жаңа әлемнің есігін ашты. Құлсарыдан ұзап көрмеген жасөспірім Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, дені сау балалар қатысып жатқан қаншама конкурс пен фестивальде жүлде алды. Ал оған дейін қажырылған

қажет болды, естімейтін музыканы сезім мүшелері арқылы емес, жай ғана сезім арқылы дәл біліп, әуенге дәл түсे білуді үйренуі тиіс.

Исадай бала қунінде дизайнер, хореограф немесе артист болуды армандайтын. Ол әнді де керемет шырқайтын, биді де келістіріп билейтін, аспапта да ойнайтын, сурет салып, киім де пішетін, неше түрлі киім үлгісін ойлап табатын, жоғарғы сыныптарда анасына көйлек тігіп беретін. Содан бері анасы көйлек сатып алған емес. Бүгінде жиырма жеті жасқа келген Исадайдың арманы туғелдей орындалды десек те болады — Исадай ансамбльде артист, хореограф, модельер, продюсер. Концертте көрсететін нәмірлерді өзі ойлап табады, өзі дайындауды, керек дүниені ютубтан үйренеді. Қыз-жігіттердің сахналық киімін Есеннің әкесі сыйлаған «Зингер» машинасымен өзі пішіп-тігеді. Музыканы жергілікті музыканттарға тапсырыспен жаздырады, бір жақсысы олар балалардың бетін қайтармайды.

9-сыныптың бітіріп, мамандық таңдайтын кезеңде атаанасы: «Ойбай, қайдағы дизайнер? Мұнайшы боласың!» — деп құжаттарын мұнайшылар даярлайтын колледжге

тапсыртқан. Өзі қасақана істеді ме, өлде расында да конкурстан өтпеді ме, әйтеір құжаттарын қайтарып алуға тұра келген. Анасы алған бетінен қайтпады, үй іші әқылда-са келе: «Агроколледжге барасың, техникалық мамандықта оқисың, әрі қарай не істесең де өзің біл», — деп шешті.

«Келсем, ғимараты ескі екен, қабырганың сылағы түс-кен, линолеумы қырық құрақ, сырь кете бастаған. Осын-дай жерде оқымын ба деп қоямын. Аудиторияға кірсем, топырлаған үлдар, бір қыз жоқ. «Торо» дейді, ол не десем, торо деп машиналарға техникалық қызмет көрсетуді айтады екен. «Мама, мені қайда алып келдің?! Оқымаймын! Кетемін!» деп қигылышқ салдым», — деп еске алады Исатай.

Бірақ ешқайда да кеткен жоқ, колледжді бітірді. Бөрі де анасының айтқанында болды: Исатай агроколледжді бітіріп, техникалық мамандық алып шықты, содан кейін көңілінің қалауын орындалап, Досмұхамедов атындағы университеттің музыка бөліміне оқуға тұсті.

— Менің қыздарым ең әдемі қыздар, олардың көйлектері бәрінен әдемі! — Алматының қара базарынан мата таңдап жүріп Исатай осылай дейді. Бұл 2017 жылдың маусым айы болатын. Исатай оқушыларын ерекше

балалардың «Жұлдызай» конкурсына алып келген. Репетицияның арасында базарға баратын уақыт тапқан беті. Ансамбльдің ең көп шығыны да осы матаға жұмсалады, мұндай «жеңіл-желпі» дүниеге ақша бөлінбейді, сондықтан Исатай демеушілердің көмегіне жүргінеді. Мұнайлы аймақтағы ірі компаниялар қолын қайтармайды, Исатай да қарыз болып қалмайды, балалармен бірге жұмысшылардың концертінде немесе қайырымдылық шараларында өнер көрсетіп береді.

Қара базарды аралап жүргенімізге бір сағат болды; серігім әр матаны бір ұстап көріп, қабағын кіржітеді, саудаласады немесе «аламыз» дейді қысқа ғана. Жаңадан қойғалы жатқан испан биінің костюміне керекті шілтерді мата іздел жүрміз. Ансамбль әлем халықтарының билерін билейді, ал ең алғашқы нөмірлері қазақ биі «Қамажай» болыпты.

Исатай құлағы естімейтін және нашар еститін балалар оқытын мектеп-интернатқа кездейсоқ келді. Анасы ұзақ жыл ұстаздық еткен адам, осы интернатқа екі мыңыншы жылдардың ортасында балалар үйінен ауысып келген. Бастапқыда үйренісе алмай жүрді. Айрықша балалармен

жұмыс істеу оңайға соқпады. Үйге келгенде әңгімесін айтып жүретін, ал бір күні көмек сұрады. Бірде анасына балалармен концерт дайындауга тапсырма берілті, құлағы естімейтін, сөйлей алмайтын балалармен қандай концерт дайындамақ? Тығырыққа тірелген анасына Истатай көмектеспек болды. Бірақ, естімейтін балаларға ән айтып, би билеуді қалай үйретуге болатынын білген жоқ, ол тіпті ешқашан ондай адамдармен сөйлесіп те көрмеген екен. Бірақ, көмек керек болған соң, көмектесу керек.

— Келдім де, үйренген билерін көрсетуін сұрадым. Олардың «бииңен» төбе шашым тік тұрды! Қыздар «у-у-у», «э-э-э» деп біртүрлі дыбыстар шығарады, дем алулары да ауыр, аяқтарын тарп-тарп басады. Бұл «Қамажай» би екен. Бұл «биді» көргендे есіңіз шығар еді.

Алқазір «Қамажай» — ансамбльдің ең сүйікті билерінің бірі. Бір адамның биіндей бірдей қимылдау, қолдарының майыса кетуі, бірде-бір жерде өуенге түспей қалу деген-нің болмауы... мен ғана емес, «Жұлдызай» фестивалінің гала-концертіне қатысушы көрерменнің қай-қайсысы да қарсы алдында билеп жатқан қыздардың құлағы естімейтініне сенбес еді. Олар бұл жолы да гран-приді алды.

Ал осы фестивальге ең алғаш келгенде оның бұрынғы директоры қыздарды семіз есектер сияқты деп, Истатайды қатты ашуландырган еді. Ол сонда шу шығарған.

— Есіңіз дұрыс па? Мен сіздің үстіңізден шағымданамын! — дегенін айтып, Истатай ол сәтті қуле еске алды.

Шамамен 2010 жыл болатын, ол кезде Истатайдың өзі бала. Тек балалардың көзіне 18 жастағы бозбала ұлken адам боп көрінетін. Ол бәрін басынан бастады. Оқушыларға хореографияның қарапайым ережесін үйретуден бастады, аяқты қалай қою керектігін, тaktімен қымылдауды, би кезінде қалай демалу керек екенін, дем білінбейі үшін не істеу керектігін түсіндірді. Құн сайын университеттегі сабагы біте салысымен интернатқа келетін. Жарты жылдай ерікті болып жүрді, тек бір-екі концертте балалардың шеберлігіне қайран қалған мектеп директоры тегіннен-тегін қызмет қылып жүрген бозбаланың еңбегін ескеру керектігін айтты. Осылайша оны тәрбиешінің көмекшісі етіп жұмысқа алып, 15 мың теңге айлық қойды. Бұл студент үшін өзегептөүір ақша еді.

Жақадан құрылған ансамбльдің негізгі мүшелері Алтынай, Зейнеп, Азамат пен Есен болды. Балалардың жасы

ол кезде 11-12-лерде ғана. Алғашқы сабакта Исатай оларға оригами аққу жасауды тапсырды. Алтынайдың аққуы тартылып қалды, тұра өзі сияқты болып шықты, тым жуас болғандықтан ба ол үнемі жұдырығын түйіп жүріп билейтін. Зейнептің аққуы ұқыпсыздай болды да, шашылып қалды. Азаматтікі аққудан гөрі айдаһарға көбірек ұқсады, ал Есеннің жасаған аққуын бәрі бірауыздан ең әдемі деп тапты, ол шынында да тамаша еді. Егер сол оригамиді мықты көріпкелге көрсеткенде балалардың әрі қарайғы тағдырын тап басып айттып берер ме еді?..

Бұл ансамбльдің алғашқы құрамы болатын, жарты жылдан кейін олар қалалық конкурсқа қатысты, сосын облыстық, республикалық, халықаралық конкурстар... Кейіннен Исатай кіші топты ашты, интернаттағы кішкентай балаларға дейін билейтін болды; ел ішін аралап фестивальге бару қалыпты жағдайға айналды, жас өнерпаздар тойға шақырту ала бастады, балалардың кейбірі осылайша ақша да тауып жүрді. Бастапқыда ата-аналар «ұят қой» дескен, ал қазір аудандық полиция басшысының орынбасары да қызы Қаракөздің (кіші топтағы Исатайдың ең жақсы көретін бишісі) ресми шараларда ғана емес,

тойларда ақшага билеуіне қарсы емес екен.

— Бірақ кейін осындай жолмен тапқан ақшага өмір сүре алмайсындар! — деп Исатай армандаң кеткен балаларды орнына қойып қоятыны бар.

Ал арман әр баланың ойында бар. Бұл бір кішкентай қақпан сияқты дүние. Билеу, концептте өнер көрсету, гастрольге шығу жалпы дамуға жақсы әсер еткенімен, кейде оның зиянды жағы да бар. Жұрттың қошеметі мен жарқ-жүрқ еткен сахна бас айналдырып, соның ықпалымен балалардың көбі артистік карьера туралы армандаң бастайды.

«Артист болғым келеді дейтіндер бар. Әдемі билейтін қызы балаға кәсіби сахна үшін билей білудің жеткіліксіз екенін, ол үшін денің сау, аяғың мен бойың ұзын болуы керектігін және есту керек екенін қалай түсіндіресің? Кейде толық адамдар да билей алады, тіпті семіз адамдар да билейді, бірақ олар кәсіби сахнада өнер көрсетуге дайын деген сөз емес қой. Соның барлығын жаймен түсіндіріп, балалардың қиялын бұзуыма тұра келеді», — дейді Исатай.

Исатай баланы оқытуды уақтылы бастау қаншалық маңызды болса, балаға шындықты уақытында айту да соншалық маңызды деп біледі. Өйтпеген жағдайда мұның

соны ондай балалардың өмірден орнын таппай қалуына әкеліп соғады, мүмкіндікті де дер кезінде пайдалана білген жөн. Мәселен, Есеннен көсіби биші шығар еді, бірақ, амал қайсы, оны дайындауды ертерек бастау керек еді. Ендігі жерде нанын тауып жейтін бір мамандықтың иесі болып шықса болғаны.

Тогызыншы сыныпқа көшіп, интернattan кететін мезгіл жақындаған сөтте музика және хореография пәннің мұғалімі Исатай балалардың әрі қарай не істеуі керектігін ойластыра бастайды. Қайда бару керек? Қалай өмір сұру керек? Исатай ең алдымен оқуды жалғастыруды ұсынады, бұған балаларға емес, ата-аналар да айран-асыр болады. Олардың құлағы естімейді ғой, қайдағы оқу?! Қайда оқымақ? Мүгедектерге арналған арнайы колледждер жоқ, сонда қайтпек? Сау балалармен бірге оқымайды ғой!

Неге оқымасқа?! – дейді мұндайда Исатай.

Бүгінге дейін Атыраудағы құлағы нашар естітін және мұлдем естімейтін балаларға арналған мектеп-интернаттың бірде-бір түлегі оқуды жалғастырмаган екен. Мұндай ой ешкімнің басына кіріп те шықпаған сынды. Әйтіп-бүйтіп тогызыншы сыныпты бітірді, оқып-жазуды

біледі, қолын қоя алады, соның өзіне рахмет деп ойлайды. Кейбіреулерде осындай да мүмкіндік болған жоқ. Көп жағдайда интернатты бітірген қыз-жігіттер ауылдағы ата-анасының қасына қайтып барады да, мүгедектігі үшін алатын зейнетақымен өмір сүреді немесе қалам-қағаз секілді ұсақ-түйек сатып, бір пойыздан екіншісіне ауысып мініп жүреді. Нарықтың осы бір бөлігін саңыраулар қауымы жап-жақсы игеріп алған. Тіпті бала күнімде ата-анаммен пойызға мінгенде купедегі кішкентай үстелдің үстіне ұсақ-түйек заттарын қойып, әрі қарай вагонды аралап кететін, ал артынан қайтып келіп заттарын немесе сатып алатындар бола қалған жағдайда ақшасын санап алып кететін жігіттерді көретінмін. Саудагерлердің арасында қыздар кездеспейтін, олардың бизнесі көңілсіздеу болатын. Алматыдағы қазіргі Достық даңғылының бойында, «Қазақстан» қонақүйі мен Республика сарайының ортасында сөйлемейтін әйелдермен танысу бұрышы баяғыдан-ақ бар болатын. Көлік келіп аялдайды да, тerezесі ашылады, әйел адам көлікке жақындейды, қолмен белгі береді де, көлікке мінгізіп алып, желмен жарысып кете барады.

— Бұларға оқу не керек? — Бұл сұрақты басқа емес, сол балалардың ата-анасы қояды десем, сенесіз бе? Неге керек болмасын? Адамға білім не үшін керек? Бірденені білу үшін және жақсы жұмыс табу үшін керек! Есеннің ата-анасы да, әсіреле әкесі оның оқуын жалғастыру туралы идеяны бірден қолдай кеткен жоқ. Ешқандай да оқудың қажеті жоқ, фермада жұмыс істейді деп ойлады. Ал фермада жұмыс істегің келмесе ше, әрі қарай оқығысы келсе ше? Егістік басындағы жұмыс каникулдың өзінде Есеннің ығырын шығаратын, ол ауыр жұмыстан қатты шаршайтын.

Есен өлі де біздің жанымызда отырған, Исатай оған өзінің сөзін аударып берді, бозбала үнсіз бас изеді.

Атырауда он колледж бен жеті кәсіби лицей бар, солардың арасынан осы балаларға лайықты білім бере алатын біреуінің табылмауы мүмкін емес қой? Құқық және бизнес колледжінде оқып кету оңайға соқпас, бірақ автомеханик немесе тігін ісін менгеруге бұл балалардың шамасы толығымен жетеді. Исатай шенеуніктердің есігін тоздырып жүріп, ата-аналарды көндіре жүріп, балалардың өзімен сөйлесе жүріп ақыры дегеніне жетті.

Есен

Қыркүйектің алғашқы күндері, Атырау көлік және коммуникация колледжінде қарбалас шақ. Оқу жоспары мен сабак кестесі бекітіліп, оқытушылардың сағаты бөлініп жатқан уақыт. Ал дәлізден топ-топ болып тұрған жас балаларды көптең кездестіресің. Техникалық оқу орны болғандықтан негізінен ер балалар оқиды, мұнда болашақ механиктер, тракторшылар мен жүргізушілер оқытылады. Студенттердің көпшілігі Атырау облысының әр түкпірінен келген, Есеннің тобындағы төрт бала ғана қаладан да, қалған он бесі ауылдан келген.

— Өй, сен қалай бардың?

— Кетші-ей, мен өзім білемін...

Спортзалдың жанындағы шағын бөлмеде балалар дойбы ойнап отыр екен. Дене шынықтыру сабагы. Есен топтағы ең үлкені, оның жасы жиырмада, ал қалған балалар он жетіден енді асқан. Есен мектепті кеш бітірді ғой.

Бөлмеде аздаған шуыл бар, балалар ойнап та, ойынды талқылап та ұлгеріп жатыр. Тек Есен ғана бар назарын ойын тақтасына бұрған, ешкімге назар аударар емес.

— Есен курстастарымен қарым-қатынас жасау барысында қиналмай ма? — деп сұрадым дene шынықтыру пәнінің мұғалімінен.

Мұғалім үш жыл ішінде ондай ештецені байқамағанын айтты, керісінше, балалардың бәрі Есенді сыйлайды екен. Есеннің өзіне тән міnezі бар екенін, ондай мінездің бой көрсетпей тұрмайтынын да айтты. Оның үстіне талантты бар, басқа балалар жасай алмайтын жаттығуларды жасауы, көнігі акробаттарша қимылдауы да беделін арттыра туследі.

Алғашқы дene шынықтыру сабағында-ақ Есен түрлі трюктарды жасап, курстастарын таңғалдырған. Мұндаиды білмейтін қатарластары үнсіз қалған. Бимен айналысқаны текке кетпепті. Есеннің әртістік қабілеті туралы әңгіме тез-ақ тараң кетті де, колледждегі ішшаралар онсыз өтпейтін болды. Ол Атырау облысындағы алғашқы саңырау студент. Үш жыл бұрын Исатай айрықша баланың құжаттарын алып келгенде колледж басшылығы күмәндانا қараган. Заң бойынша оған сурдоаудармашы керек, ал оған қаражат қарастырылмаған. Шындаса колледжді осы тәртіпті бұзғаны үшін жауапқа

да тартуы мүмкін. Қындықтың бір ұшы осында: ментор, көмекші немесе сурдоудармашы болмаса, мектепте немесе колледже жайғана аттестат пен диплом алу үшін ғана оқуға болады, ал заңың талабын қатаң сақтайтын болса, мыңдаған бала ешқашан білім ала да алмайды. Қазақстанда Финляндия мен Швециядағыдай айрықша қажеттілігі бар балаларға ментор тағайындалмайды. Бізде мұндай игілікті Алматы мен Астанадағы кейбір мектептер ғана пайдалана алады.

Исатайдың табандап талап етуімен аздал тәртіпті бұза отырып, Есенді оқуға қабылдады. Үміт ақталды да. Өмірлік жағдайды ескере келгенде қатып қалған ережеге сүйенудің қажеті де жоқ.

«Мұндай студентке қайdan ғана тап болдым? Енді не істеуім керек?» — алғашқыда топтың кураторы Гүлнар Жұмабаева осылай дейтін. Өсірсек алғашқы кезеңде қатты қыын болыпты. Оқытушылар үнемі шағым айтып хабарласады еken. Мәселен, Есен аудиторияға кіргенде мұғалімге амандаспайды еken. Исатай Есенге бәрін үйретті, интернаттағыдай амандаспау бұл жерде дұрыс емес еkenін, қалыпты адамдар бір-біріне амандасатынын,

сондықтан ең болмаса бас шұлғып амандасу керектігін үйретті. «Біздің ортада адам амандасуы керек, түсінесің бе?» дейтін.

Исатай «бізде», «сендерде» деп әдейі бөліп айтатын. Әйткені интернатта балалар өз ортасынан шықпайтын да, олардың өмір сүру ережесі де белгілі бір шенберде болатын. Ал көдімгі қоғамға араласып, үніңді естірткің келе ме, онда олардың да ыңғайына жығыла біл. Есен кейде сабактың үстінде орнынан тұрып, шығып кететін. Артынан айғайлап жатса да естімейтін. Мұндайда пән мұғалімі кураторға хабарласады, куратор Исатайға телефон соғады, Исатай қайда жүргенін сұрап, қатулы хабарлама жібереді. «Шаршадым да, үйге кетіп қалдым», — дейтін ондайда Есен еш саспастан. Оку жылының алғашқы айларын еске алған уақытта Исатай мен Гүлнар Маратқызы «есінізде ме, әлгі...» деп бастайды әңгімені. «Ал тағы бірде...» деп жалғайды сосын.

— Есеннің тәрбиесі жақсы екені, жақсы отбасынан шыққаны бірден білінеді. Әйтпесе бізге өртүрлі балалар келеді гой, — дейді кураторы. — Ең бастысы, білім алуға ынталасы бар. Оқытушылар трактордың бөлшектерін

көрсетіп жатқанда жүрттан бұрын алға ұмтылатынын талай мәрте көргенмін.

Есеннің елдің алдына жүгіріп шығып, бір көргенін жадына «жазып» алатынын оқытушылардың бәрі айтады. Кей нәрселерді ерін қимылынан біледі, кей дүниені ым-ишарадан айырады, ал бірдеңені мұлдем түсінбей жатса, курстастарынан сұрап алады. Үш жыл бірге оқи жүріп кейбір балалар ым тілін меңгеріп те алған. Теориялық сабактарда Есен конспектілерді көшірумен, тақтадағыны суретке түсірумен және кітап оқумен шектеледі. Есту мүшесі болмаса да, материалды игеріп, білім алушың тәсілі көп-ақ, бағымызға қарай адам баласының бес сезім мүшесі бар емес пе?! Оқытушының айтқанын Есен естімейді, бірақ оны айтудың қажеті жоқ, әйтпесе аудармашы да бермейді, колледжге де алмайды. Алғашқы кезде Истатай Есеммен бірге сабакқа барып, аударып беріп жүрді. Кейіннен қатты қажет болғанда ғана баратын болды. Есен сияқты оқушылар мен студенттер үшін әр оқу орнында бір сурдоудармашы болғанның өзінде көптеген саңырау балалар мамандық алып шығып, жұмыс істейтін еді.

Пойыздан пойызға мініп сауда жасап, мемлекеттік жәрдемақыға қарап отырганнан сол дұрыс. Инклузив білім беру деген тек гуманизм ғана емес, болашақты ойлау десек те болады. Бүгін басқа балалармен қатар кәдімгі мектепте не колледждे білім алған айрықша бала ертең азамат болып өседі, салық төлеуші болады және мемлекеттік жәрдемақысына ғана иек артып отыrmайды.

Истатай Елеусінов шаруаларымен аудандарға жиі шығады, оның айтудынша тек Құлсарының айналасында ғана мектеп жасындағы 50-60 бала денсаулығындағы кінәратқа орай оқымайды екен. «Ата-аналардың кейбірі науқас баланы балабақша мен мектепке орналастыруға тырыспайды да, үйдегі қарт әжелеріне бақтырып қояды. Ал олар баланы күшік сияқты жетелейді де жүреді. Мемлекеттің немқұрайдылығы басым ба, әлде ата-ананікі ме білмеймін, бірақ кейбір ата-аналарға парызын орындауды міндеттеу керек деп есептеймін. Көргенімді айтсам, көп отбасында бесінші не алтыншы бала науқас болып туылса, ата-анасы оны тағдырдың жазуы деп қана қабылдайды, басқа балаларының сау болғанына

шүкірлік етіп отыра береді. Уақыты келгенде мұгедектігі жөніндегі жәрдемақыны алуға әрекет жасайды», — дейді Истатай.

Был Есен колледжді бітіреді. Ол Атырау облысы бойынша толыққанды арнайы техникалық білім алған алғашқы айрықша адам болмақ. Үш жыл оқу барысында Есен бірде-бір рет атына сөз келтірген жоқ, мұндай балалар оқуға, білім алуға, ден сау балалармен қатар отыруға лайық емес дегізбеді. Керінше, қатарластарының көбейту кестесін білмейтінін көріп, таңғалып келіп жүрген сәті көп болды. Ал практика кезінде балалардың бірі тракторға отырып, артқа қарай жүріп кеткен уақытта курстастарының трактор айдай алмайтынына таңғалды. Өзі трактор айдауды бала кезінен білетін. Сөйтсе құлағы да еститін, сөйлей де алатын адамдар көп нәрсөні білмейді еken, көп дүниені жасай алмайды еken. Бала күнінде дені сау балалардың қолында құдіретті күш бардай сезінетін, мұлдем олай емес еken.

Мен барған күндері Есен өліпбидің ауысуына орай қатты алаңдаулы еken. «Біз қайтеміз?» деді маған сұраулы жүзбен. Журналист ретінде де, орталықтан келген

адам ретінде де осы сауалына менен жауап күтті. Өйткені қазақша ым тілі кириллицаға негізделген, орысша ым тілінен айырмасы аса көп емес. Ал латын қарпіне көшсе, жаңа ым тілін жасауға тұра келеді, оны ойлап жатқан да ешкім жоқ секілді. Бұл жолы да Есен сияқтыларды ешкім ойламағаны қынжылтады.

Ұлының оқығаны Құлсарыда тұратын әкесіне де пайдалы болды, баласының білімінің арқасында әжептәуір ақшаны үнемдеді. Есен Инстаграмдағы қытай фермерлерінің парақшасына жазылып, бір кішкентай трактордың «Аманесен» шаруашылығында бірнеше адам атқаратын жұмысты бір өзі тындыратынын көрді. Бағасын қарап еді, соншалық қымбат емес еken, сатып алу да қыын емес болып шықты. Оған дейін әкесіне қайта-қайта айтып жүріп, селитрага арналған рюкзак сияқты аппаратты алдырды. Бұрын бір жұмысшы қазып, екіншісі еgetін болса, енді егіс басында қолыңа күрек алып, кішкентай ғана шұңқыр жасасаң, аппарат тиісті мөлшердегі ұрықты өзі себетін болды. Одан кейін сәбіз еgetін құрылғы сатып алды: тап-таза мини-трактормен егіс басында әрлі-берлі жүресің де қоясың, бүкіл



жұмысты техника атқарады. Тағы бір құрылғы шөпті үқыптап кесіп, жинап береді. Енді Есен жылыжайға арналған машина сатып алайық деп жүр, оны алса, үлбірді тартатын және жабатын бірнеше адамды жұмыстан босатуға болады (бұл бір түкке тұрғысыз жұмыс сияқты көрінгенімен, өнбейтін тірлік), үлбір өзі тартылып, өзі жабылады. Кезекті құрылғыны алған келген сайын жұмышылар таңғалып, бас шайқайды. Ал әкесі алдымен қарсы болады: «Керегі жоқ! Алмаймын! Бәрің жалқаусындар, тұяқтарыңды қымылдатқыларың келмейді, сосын ойлап таба бересіңдер!» — дейді. Бірақ алған техникасы еңбек күшін де, ақша мен уақытты да үнемдеп жатқанын көреді де ойланып қалады.

Есен интернаттан шыққан алғашқы студент болғанымен, соңғысы болған жоқ. Одан үлгі алғандар көп болды. Есен оқығанда біз неге оқи алмаймыз? — деген балалар да табылды. Есеннен кейін қаладағы колледждердің біріне тігінші мамандығына Қаракөз тұсті, иә, баяғы полиция қызметкерінің биші қызығой. Одан кейін бір бала аспаздың оқуына барды, сосын тағы бірі, қазір облыстың колледждерінде құлағы нашар еститін төрт

бала білім алып жатыр. Мұнда да Исатай ағайларының еңбегі зор болды, Қаракөзге «оқысаң — оқы, оқымасаң қой, сендердің әрқайсыңа қосымша түсіндіріп отыратын уақыттым жоқ» деген оқытушымен дауласа барды. Колледж мұғалімдерінің кейбірі бойджеткеннің айрықша студент екенін, оның қажеттілігі де бөлекше екенін біле бермейтін еді. Шындаса кейде дені сау балага да айрықша назар аударуға тұра келеді ғой, оның жаңында денсаулығында кінәраты бар балалар көмекке екі есе зәру емес пе?!

Исатайдың алғашқы сабақта оригами аққу жасатқаны естеріңізде ме? Алтынайдың аққуы қысылып шықса, Зейнептікі бос болып шашылып қалған еді. Азаматтікі айдаһарға үқсаган, тек Есеннің аққуы ғана керемет болып шыққан еді ғой?

Исатай сол кезде балаларға ештеңе демегенімен, олардың болашағын өзінше болжап қойған еді.

Интернatttan кейін қанша үгіттесе де, Алтынай оқуын жалғастырмады. «Ақша жоқ кезде қайдағы оқу?» десті. Оқу аяқталатын соңғы күндері құні-тұні көз жасына ерік берген бойжеткен Исатай ауданының

түкпіріндегі туған ауылдана қайтты. Бұл ауылда жұмыс табу немесе тұрмысқа шығу мүмкіндігі жоққа тән, де-генмен би билей алатыны мен киім тігетін өнері қажетке жарады. Алтынай аздаған тиын-тебенге ауыл балаларына би үйретеді және ауылдастарына киім тігеді.

Зейнеп тігіншілікті оқығысы келмеді, ал ол қалаған шаштараздың оқуына құлагы нашар еститіндерді алмайды екен. «Әзірге тігіншінің оқуын оқып алышы, ең бағастысы колледждің дипломын алып шығасың, одан кейінгісін тағы көре жатармыз», — деп Исатай тығырықтан шығар жол ұсынған. Бірақ Зейнеп алған бетінен қайтпады да, оқымады. Исатай шаш қиоды үйрететін жекеменшік курстарды да тапқан, бірақ Зейнеп онда да ұзақ тұрақтамады; шаштараз салонына апарып еді, онда да істей алмады. Исатай қолын бір сілтеді, ал Зейнеп сол күйі білім ала алмады. Жақында: «Ағай, маған жұмыс тауып беріңізші», — деп жазыпты. Зейнепке лайық жұмыс табыла қоярына Исатайдың күмәні көп.

Азамат алдыңғылардың соқпағымен кетті — пойызда қалам сатады. Қазақстанның батысымен жүретін пойыздарға міне қалсаңыз, жүрісі бөлекше жігіт

үндеместен келіп үстеліңізге ұсақ-түйек қойып, әрі қарай билей басып кетіп қалса, мұқият зер салыңыз, ол би ансамблінің мүшесі, конкурстардың жеңімпазы, гран-при иегері Азамат болуы өбден мүмкін.

Оқуға түспегендे Есен де иығы салбырап ауылға қайтар еді, сөйтер еді де өзінен он минут бұрын дүниеге келген, бақытты болып туылған сыңарының соңынан ілесумен өмірін өткізер еді. Былтыр Аман шаңырақ көтеріпті. Есен ренішін жасыра алмады, ол үнемі екеуміздің тойымыз бір күнде болса деп армандайды екен. Амал қайсы, енді қуып жетуге тұра келеді.

2-БӨЛІМ

Қазалыда Шынарды кім білмейді?..

Сырдарияның оң жағалауында орналасқан Қазалы қаласының берекелі де мерекелі күндері артта қалғандай. XIX ғасырдың орта шенінде Қазалы Арап теңіз флоты арқылы Хиуа, Бұқара, Ресей арасындағы керуен жолын байланыстырып жатқан маңызды бекет еді. Сол уақытта жергілікті көпестердің сауда айналымы жылына екі миллион патша рублі болған деседі, ал транзит сауданың айналымы сегіз миллионға жеткен еken. Арап ауданында жылына миллион пүт балық ауланып, қазалылықтар Орынбордың базарында жиырма мың басқа дейін қой сатқан еken. Тұрмыстың түзелуі рухани байлыққа ұмтылуға да жол ашқан. Бұдан екі ғасыр бұрын, теңіз кемерінен асып, керуен жолдары бір тынбайтын кезеңде Қазалы уездік қаласында мешіт пен шіркеу ғана емес, мектеп те болыпты. 1858 жылы орыс мектебі ашылса, 1863 жылы қазақ балаларына арналған «қырғыз» мектебі ашылған. Өлкетанушы тарихшылардың айттынша, алғашқы сабакта бар болғаны алты оқушы отырыпты. Олардың кім екені сақталмағаны өкінішті, әйтпесе олардың кім болғанын, кейінгі тағдырын білу қызық болар еді. Қошіп-қонып мал бағып, балық аулаумен күнелткен

халықтың үрпағы білім байлық болып саналмай тұрған кезде-ақ оқуға ұмтылуы назар аударапты.

Теміржол құрылышының Қазалыны айналып өтуі бұл қалашық үшін алғашқы соққы болды; одан кейін төңкеріс салдарынан қалалық көпестер гильдиясының күлі көкке үшты; Арап теңізінің сұы тартылды; одан кейін кенес билігі құлады, тауқыметті тоқсаныншы жылдар басталды. Қазалының басына да қара бұлт үйірлді, барша жұрт үшін ауыр болған тарихи кезеңнен өүпірімдеп өтті. Бірақ біржола күйрекен жоқ, кейбір қалалар секілді картадан жойылып кетпеді. Қазір де қала орталығынан ерсілі-қарсылы ағылған жүрттты көресің, үй бағасы да көтеріліп келеді. Жиырма жыл бұрын бұл маңнан есік-терезесі үңірейген үйлерді көп кездестіретінсің, қазір ондай мүлдем жоқ. Мұгедек балаларды сауықтыруға арналған «Шапагат» үйіміның директоры Шынар Женсікбаева кезінде бос ғимарат таппай сенделгенін айтады. Сол кезде әкім бұрынғы аудандық тұтынушылар қоғамының бос қалған кеңсесін берген еken. Мұнай компаниясының көмегімен екі қабатты ғимаратты жөндеуден өткізіпті. Кеңестік кезеңде сырттан келетін тауарды бөліп берумен

айналысқан мықтылар отырған кеңседе содан бастап балалар тұрып, ем ала бастапты.

«Шапағат» орталығының бірінші қабатында асхана мен спортзал орналасқан, екінші қабатта оқу бөлмелері мен үйіктайтын бөлмелер қоныс тепкен, аулада балалар ойнайтын алаңқай бар, ал жалғастыра салынған ғимарат акт залы қызметін атқарады. Кеңестік кезеңде америкалық джинсы, ұнді шайы мен Шанель иіссулары салынған қорап жиналып тұратын қоймада қазір балалар өнер көрсетеді. Үлкен залға жылтырақтар мен шар ілінген (мен барғанның алдындаған Тәуелсіздік мерекесін тойлапты). Ал мен негізгі ғимаратқа өтетін елеусізған есікке назар аудардым. Аудандық тұтынушылар қоғамын салғандар ақымақ емес: қойма бас кеңсеге тиіп тұр, екеуін жалғастырып тұрган елеусізған есік бар, тапшы тауарлар осы есік арқылы қоймадан кабинеттерге өтіп, қолы ұзын жандардың үйіне жеткізілген. Қазалыда туып-өсken Шынар бала күнінде жергілікті басшылардың балаларының киімі басқалардан ерекше болғанын айтады. Сондықтан Шынар ең алдымен көзге күйік болған сол есікті біржола жаптырып тастапты.

1995 жылы Шынар мүгедектер қоғамында жұмыс істеп жүреді. Бір шараның кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері оған мүгедек балаларға көмек көрсетумен айналысатын үкіметтік емес ұйым (YEY) ашуды ұсынады. Шынар оның неғылған ұйым екенін бірден түсіне қоймайды. Үкіметтік емес ұйым деген не? Кейіннен дәл осы сұрақты оған ауылдастары да талай рет қойған. Тіпті бір ауылда «шетелдің тыңшысы шығарсың» деп қып шығыпты. Шынын айтса, жергілікті халық жас қызды онша менсіне де қоймапты. «Хабар» арнасының журналисті «бұл қалада «Шапағат» ұйымы мен оның директоры Шынар Женсікбаеваны бәрі біледі» деп сюжет жасап тұрганы бүгінғой, ал осы күнге жету үшін қаншама тер төттеге тұра келгені Шынарға мәлім.

Көп жыл бұрын Шынардың жұмысы Қазалыда қанша мүгедек бала бар екенін сұрастырудан басталған. Ресми көрсеткіш бойынша, мүмкіндігі шектеулі балалардың саны отыз екен. Бірақ бұрын мүгедектер қоғамында істеген Шынар шын мәнінде олардың саны әлдеқайда көп екенін сезетін. Екі есе, үш есе, әлде төрт есе көп шығар деп ойлаған. Алайда шын мәнінде он есе көп болуы



Шынардың төбесінен жай түсіргендей болды. Қазалы ауданында қанша науқас бала бар екенін, олардың Қазақстандағы саны қанша екенін ешкім білмейтін, білгісі де келмейтін. Өйткені одақ құлап, есін әрең жиган елдің одан гөрі маңызды мәселесі көп болатын.

Ол заманда ауру баласы үшін жұрт арланатын, бүкіл ел табалап тұрғандай көрінетін, мүгедек бала сол әулеттің тұқымының оңбай қалғанын көрсететін тірі куәгердей еді, сондықтан ондай баланы жұрт көзінен таса ұстайтын. Тар қапасқа қамалған балаларды жарық дүниемен қауыштыру үшін Шынар ауыл-ауылды, тіпті малшылардың үйіне дейін аралап, балаларды тізімге алды. Қазіргіше айтсақ, мәліметтерді жинап, өндеді.

Бірнеше ай бойы жаңындағы көмекшілерімен бірге әр есікті қағып, көмекке мұқтаж адам бар-жоғын анықтады. Жұрт оларды құшақ жая қарсы алған жоқ, керісінше босагадан қайтаруға тырысты. Бірақ сол босагада тұрыптақ Шынар лас төсекте кір-қожалақ болып жатқан, күрсүлдері қалған балаларды көріп ұлгеретін. Шарасызыңдықтан не істерін білмеді. Ол кезде мүгедек балаларға жәрдемақы да бермейтін. Ал ата-аналар медициналық

тексеруден өткізіп, әуре-сарсаңға тұскісі келмейтін, оған артық қаражаты да болмайтын, солай балалар есепке де тұрмай қала беретін. Енді ата-аналарды ынталандыру көрек болды. Осы арада Шынар құлыққа көшті: ұзынқұлақ арқылы ата-аналарға науқас балаларға тاماқ, киім, памперс, дәрі-дәрмек беріледі деген әңгімені таратып жіберді. Осыдан кейін жұрт қозгала бастады. Бірақ олар бірінші кезекте тاماқ, киім және памперс сұрайтын еді.

Содан кейін жаңажылдық кеш өткізді. Онда да сымсыз телефон арқылы мерекелік концерттен кейін балаларға сыйлық беріледі деген әңгімені таратты. 1995 жылдың 29 желтоқсанында аудандық мәдениет үйінде ине шашшар жер болмады.

«Мұны көру өте ауыр еді, — дейді Шынар. — Залда ауа жоқ, науқас балалардың түріне қарасаң жылағың келеді, олар соншалық күтімсіз еді...»

Уш жүз алпыс жеті. Қазалы ауданында сал ауруына шалдыққан балалардың саны осынша екен. Емханаларда, мектепте, әлеуметтік қызметте тіркеуде жоқ 367 бала. Олар адам қатарында жоқ еді. Олар өмірге келгеннен бастап тар төсектен өзгені көрмей-ақ, адам қатарына

қосылмай-ақ тірлік кешіп жатты, олардың өлімінің өзі елеусіз болды.

Шынар өткен жыырма жылдағы әлемдік нарықтағы мұнай бағасын трейлерлерден кем білмейді десек қателеспейміз. Қазалыда отырып-ақ олар биржадағы индексті қадағалап отыратын. Тоқсаныншы жылдардың аяғында бір баррель мұнайдың бағасы он төрт долларға түсіп кетті, бұл кезде мұнай компаниялары да көмек көрсетуден шеттей бастады. Ал көмек аса қатты қажет еді: БҰҰ жобаны жауып тастаған, мемлекет көмектеспейтін, орта және шағын бизнес онсыз да қыын жағдайда. Мұндайда Шынар бұл істі тоқтату керек пе, әлде бірдене ойластыру керек пе деп бас қатыратын. Жаба салу қыын емес қой, бірақ балаларды қайтпек? Қайтадан ауылдарға жібермек пе? 367 жеке істің көзін жойып, оларды біржола ұмытып, балаларды қайтадан құрдымға лақтыруы керек пе?..

Әлеуметтік желілер күшіне енгеннен көп бүрын «Шапагат» қоры фандрайзингті менгерді, яғни халықаралық ұйымдардың грантына өтініш білдіру, шетелдік дипломатиялық өкілдіктерге дұрыс хат жаза

білу, коммерциялық компаниялар мен мемлекеттік мемелерді аралап, табаннан тозуды меңгерді. Ешқашан олардың өтініші ескеруіз қалған емес. Бірде аудандық полиция бөліміндегілер айлығынан ақша жинап берсе, келесі салық мекемесінің қызметкерлері көмектесті. Сорос қоры грант берді, Швейцарияның елшілігі сал кезінде ауыруды басатын қымбат дәрі жіберді, Ұлыбританияның елшілігі мүгедек балалар отыратын қырық қоларба жіберді...

Сөйтіп жүргенде екі мыңыншы жылдарға ілікті. 2002 жылы мұнай бағасы көтерілді, елімізде көптен күткен әлеуметтік әріптестік туралы заң қабылданды. Сол кездे «Шапагаттың» кеңесіне халықаралық ұйым өкілдері емес, прагматик менеджерлер келді. Үнтимақтаса жұмыс істеуді ұсынып, демеушілердің ақшасына мүгедек балаларға сауықтыру қызметін көрсететін, тәулік бойы жұмыс істейтін орталық ашылды. Алыс ауылдарда тұратын, тұрмыстың тауқыметінен де, науқас баланың күтімінен де шаршаган ата-аналар айлап баласына соқпай кететін күндер басталды. Ал бір жағынан баланы үйге алып кеткенде не істейді? Ал орталықта

емдейді, оқытады, дамытумен айналысады, ақырында сал болып келген балалар айналасы бір-екі айдың қолемінде орнынан тұрып, өз тамағын өзі ішіп, айналасымен арасаса бастайды.

Шынар Жеңсікбаева осы сауықтыру орталығы арқылы Қазалыда қыруар жұмыс атқарды десек, артық айтқандық емес. Оның еңбегі орасан зор. Ширек ғасырга жуық уақыт ішінде мындаған науқас балаға көмектесіп, оларға болысып қана қоймай, менталитетті де өзгертуі, құндылықтарды өзгертуі. Ең бастысы науқас бала үшін үялмауды үйретті. Бүкіл бала дүниеге дені сау, келісті де келбетті болып тумайтынын қалыпты жағдай деп қарайтын көзқарас қалыптастырыды. Еңбек еш кеткен жоқ, қазір Қазалыда ешкім мүгедек баласын жүрт көзінен таса ұстамайды. Өздері келіп, көмек сұрайды. Иә, кейде тым кеш әкеледі. Көбінесе ата-аналар 7-8-10 жасқа келгенде, өздері қарай алмай бара жатқан уақыттағанда көмекке жүгінеді. Мұндайда ем қонуы да қиындау.

Кейде күтпеген жағдайлар да болып тұрады. Бірде Қазалыға Алматыдан медициналық тексеру келеді, бір

отбасы оларды сал ауруына шалдықкан баласын көріп беруге шақырады. Баланы қарағаннан кейін дастарханнан дәм ауыз тиюді ұсынады. Осы кезде Алматыдан келген дәрігерлердің бірі үй иелерінің үлкен қызының денсаулығында бір кінәрат бар-ау дегенді айтады. Үй иелері «бұл баланың дені сау» деп бойбермейді. Дегенмен дәрігер де айтқанынан қайтпай, баланы қарап береді. Сөйтсе бойжетіп келе жатқан қыздың құлағы естімейді еken. Ауру біртіндеп дендегендіктен, үй іші қыздарының құлағы нашар еститінін білмеген де еken. Енді бір-екі жыл кешіксе, қызы біржола саңырау болып, өмір бақи мүгедек болып қалғандай еken. «Ал Қазалыда мүгедек әйелдердің күні күн емес», — дейді Шынар күрсініп.

Әлгі қызды дереу Алматыға апарып, операция жасатады. Кейін мектепті бітіріп, тұрмыс құрып, дені сау үш баланы дүниеге әкеліпті. Өкінішке қарай, өрдайым осылай сәтті бола бермейді. Кейде баланың науқас еkenін tym кеш білетін кездер болады.

Массаж, тұрлі тренажер, ұсақ және орта моториканы жаттықтыру, заманауи әдістемемен жұмыс (орталықтың

кабинеттерінен Монтессори ойыншықтарын көріп қалдым) текке кетпейді, біраз уақыттан кейін бала қатарға қосыла бастайды. Церебралды сал ауруының бірнеше түрі болады, біреуі ақыл-ойды да бұлдірсе, екіншілерінде ақыл-ойға мұлдем зиян келмейді. Мамандар мұндай балалар оқу мен санауды үйреніп, өз-өзіне қарап, балдақпен не қоларбамен жүре алса, соның өзі үлкен жетістік деп есептейді.

«Ең бастысы, әр баланың мүмкіндігін пайдалана білу керек, ол үшін науқас баламен неғұрлым ерте жұмыс істеген дұрыс. Денсаулығындағы түйткілді бала дүниеге келе салғаннан кейін-ақ біліп, тез арада емдеу-сауықтыру шараларын қолға алып, дәрігердің бақылауымен күнделікті сол шараларды жасау көп көмектеседі. Сонда баланың дамуы да дұрыс болады, ал бізде бәрі керісінше», — дейді Шынар.

Ерте дамыту деген заманауи орталықтар ғана емес. Үш жастан кейін кеш дейтін мұндай орталықтар бөлек те, науқас баланың дамуы мұлдем бөлек. Бірде Шынар сау балалар мен науқас балалар қатар баратын балабақша туралы да ойланған...

Ауыл тұрғындары бұрынғыдай мүгедек баласын тар қапасқа қамап қоймайды, көмек ала алатындарын біледі және құқықтарын пайдаланады. Бірақ сейтіп жүргенде тағы бір стереотип пайда болды: церебралды сал мен басқа да ауыр науқастар кедейлердің ауруы деп есептейтіндер шықты. Жұрт олардан аулақ журуге тырысады. Аудан орталығында тұратын ауқатты адамдар «Шапагатқа» баруды ар көретінін де білді. Бірде кештетіп Шынардың кабинетіне ауданда лауазымды қызмет атқаратын бір шенеунік келді. Тренажерлардың бірін бір күнге сұрай келіпті, тұра сондай етіп жасатпақ еken. Сол кезде ғана Шынар өлгі шенеуніктің екі баласы бірдей науқас екенін білді.

— Балаларды бізге алып келсеңізші, мұнда педагогтар мен дәрігерлер бар, бір тренажер не болады? — дедім.

— Өкеле алмаймын, — деді бастық жүзін төмен салып.

Онысы түсінікті де. Бастық елдің алдында мықты әрі беделді супермен кейпінде көрінуі керек, ал ауру бала — оның өлсіздігі. Бастық бүкіл елдің көзінше науқас балаларын мүгедектер орталығына әкеле алмайды, ол мұндай жерге тек қайырымды басшы ретінде ғана келе

алады. Мереке кездерінде ауру балаларға сыйлық таратып, олардың маңдайынан сипау үшін келуге болады, ал балаларын емге әкелуге болмайды. Қазалы тұрғындары үшін ауру деген — кедейшілік пен бақытсызықтың белгісі, кемшілік, ол үшін ұялады, оны жасырады. Инклузивті балабақша ашуға ең негізгі кедергі келтірген жайт та осы. Сау балаларының қасында айрықша балалардың бірге жүргенін мұнда ешкім қаламайды.

— Бізге инклузивті балабақша керек! Балалар кішкентай кездерінен адам баласының әртүрлі болатынын білсін, аяушылық сезімі оянсын. Оның үстіне бұл ауруды дер кезінде анықтап, сауықтыруға да көмек. — Шынар аудандық білім бөліміндегілерге осылай деген.

Жекеменшік пен мемлекеттік ынтымақтастыры шеңберінде мемлекеттік балабақшадан бір инклузивті топ ашуды ұсынған. Меңгерушісі қоғам белсендісін мүқият тыңдауын тыңдағанмен, ақырында «мені барлығы тұтіп жейді ғой, маған тыныштық керек» дегенді алға тартқан.

Табандап талап еткеннен кейін меңгеруші балабақшалардың кіреберісінде тұрып, ата-аналарға анкета

таратуга қол жеткізген. Сөйтіп Шынар А4 параққа сұрақтарын жазып, қызметкерлермен бірге балабақшаның босағасында кірген-шыққан ата-анаға ұсынып тұрды.

— Сіз балабақшада инклузивті топ болғанын қолдайсыз ба, әлде қарсысыз ба?

— Инклузивті деген не?

— Дені сау балалар мен айрықша балалардың бірге оқуын, ойнауын, бірге өсүін осылай атайды.

— Жоқ! Керегі жоқ!

Сұрауға қатысқандардың тоқсан тоғызы пайызы та-
банды түрде «жоқ» деген жауап берді.

«Жаман әдетке тез үйренеді» десті олар.

— Мен саған айтпап па едім? — деп білім бөлімінің бастығы Шынарга мырс етті.

Шынар мұнымен қоя салған жоқ, Қазалыда инклузивті білім беру бойынша семинар ұйымдастырыды. Осы саладағы ең мықты маман ретінде Қызылордадан Жанар Жұнісованы шақыртты, оны тыңдауға аудандағы бүкіл мектептердің директорлары мен оқуісінің менгерушілері жиналды. Олардың арасында да инклузияның не екенін билетіндер аз еді.

«Бізде инклузивті мектеп дейтін бір мектеп бар, көзіммен көру үшін сол жерге бардым. Онда бір ғана мүгедек бала бар. Мектептегілер шынын айтты, бала оқымайды, тек тізімде бар. Өйткені ментор жоқ, жеке жұмыс істеу жоқ, көмек бағдарламалары да жоқ», — дейді Шынар.

Осыдан кейін Шынар Қазалыдағы айрықша балалардың сау балалармен бір балабақшага баруын қамтамасыз ету үшін инклузивті тобы бар балабақшаны өзі ашуға әрекеттенеді. Бірақ тағы да сәтсіздікке үшірады, жоспарын білген ата-аналар шағымданамыз деп қорқытты. «Сен бұл жерге «Шапағатыңды» әкелуші болма!» десті. Осы сөз жаңа идеяның тууына алып келді. Расында да, «Шапағаттың» жанынан неге шағын инклузивті балабақша ашпасқа деген ой келеді. Шынар жеті миллион теңге тұратын жобаны жасап, 2018 жылдың басында өзінің сауықтыру орталығынан мектепке дейінгі төрбие беретін инклузивті топ ашты. Онда он бала бар, олардың үшеуі церебралды сал ауруымен ауырса, қалған жетеуі көпбалалы, аз қамтылған отбасының балалары. Әзірге бәрі жақсы, ешкім ауру жүқтүріп

алған жоқ, ауа арқылы ешкім сырқат жүқтыврмады.
Балалар бірге ойнайды, арасында таласады, татуласады,
қуанады және жылайды, қысқасы көдімгі балабақшадан
еш айырмасы жоқ.

3-БӨЛІМ

Жазықсыз періште

Перзентхана. Гүлмира есін жиып, жаңа ғана дүниеге өкелген періштесін іздеді. Қызылорданың бас невропатологы болып қызмет еткен, облыстық аурухана дәрігерінің төтенше жағдайлар жөніндегі орынбасары қызметін атқаратын Гүлмира Кенжебаева перзентханадағы дәрігерлерді түгел танитын, бірақ жуық маңда жөн сұрай қоятын ешкім болмады. Бас дәрігердің палатага бас сұққаны да сол еді, амандастып үлгермей жатып ғайып болды. Акушерка да мұрнының астынан міңгірледі де зытты.

Ушінші баласын дүниеге өкелген ана не болғанын түсінбей дал болды. Әріптестері мен көп жылдан бері аралас-құралас болып журген достарының шындықты айтуға дәті жетпеді, сосын ешкім білмейтін, күні кеше ғана университет бітіріп келген жас педиатрды жіберді. Тіке қараудан тайсақтаған жас маман: «Өзіңіз де дәрігерсіз гой, бәрін түсінесіз», — деді де, құндақтаулы сәбиді ұстата сала кабинеттен атып шықты.

Бұл кезде де Гүлмира ештеңені сезе қойған жоқ. Бәлкім, жас босанған ана жамандық ойлай да алмайтын шығар. Немесе, 38 жасқа дейінгі өмірі шуақты да табысты

болған, ешқашан басына бұлт үйірілмеген адам басқалай болуы да мүмкін екенін түсінбейтін де шыгар, бәлкім. Қайғы, қасірет, бақытсыздық деген нәрсе жолы болмаған адамдардың ғана маңдайына жазылатындаі көрінер. Ал Гүлмира өмірде үнемі жеңімпаз рөлінде еді.

«Ал, қане, ұлым, танысайық!» — деді де қолындағы сәбидің жөргегін жазып кеп жіберді. Бүкіл әлемдегі жаңа тұған балалар секілді оның ұлы да қызылشاқа, беті-басы «әжім-әжім», періштенің іісі аңқыған, сұп-сүйкімді болатын. Дәл сондай және мүлдем басқа. Тәжірибелі невропатолог өмір бойы басқалардың балаларына табан астында диагноз қоятын, өзінікін де бірден білді. Гүлмираның ұлы күн сөүлелі, яғни Даун синдромымен дүниеге келген еді.

Өз кабинетіндегі жүні жығылып, жүрегі қан жылаған қаншама ана көз алдына келді. Оларға ақыл-кеңес беріп, депрессиядан шығуға көмектесетін. Сейтсе өзгенің қайғысына ортақ болу деген оп-оңай екен гой! Ал өз басыңа түскен қайғының салмағы соншалық ауыр болады екен. Басыңа түспей білмейсің деген рас екен. Он екі мүшесі сау адам бір аяғы жоқ адамды ешқашан түсінбейді деседі,

ал бір аяғы жоқ адам екі аяғынан қоса айырылған адамның қайғысын түсіне алмай кетеді деседі...


Ананың аты ана ғой, көпе-көрінеу көрініп тұрған диагноздан қателік іздегісі келді, есі кіресілі-шығасылы күйде баланың бұлшықеттерін, аяғындағы сызықтарды қарай бастады. Жұздеген осындағы баланы алдынан өткіген невропатолог дәрігер де адам, ол да барлық ата-ана бастан кешетін кезеңнен аттап өте алған жоқ. Төбесінен жай түскендей, еңсесі түсіп кетті. «Неге? Не жаздым?» — дей берді өзіне-өзі. Әлемде қашшама адам осы сұрақты өз-өзіне қоятынын білсеңіз ғой, бірақ олардың ешбірі оның жауабын тапқан емес. Жауабын әркім өзінше іздейді, кейде табады да.

«Вирус! Сөүір айында суық тигізіп алыш едім ғой, ол кезде аяғым ауыр екенін білмейтінмін! Жоқ, менің жасым 38-де ғой! Үйдегілердің бала туғанымды қаламағаны, өзімнің денсаулығымды ойлау керектігін айтқаны да содан ғой. «Қан қысымың жоғары, бүйрекің де ауырады» деген күйеуімді тыңдамай, тағы бір бала туғым келетінін айттым емес пе?! Енді оған не деймін? «50-ге келгенде баланы мектепке тасып жүремін бе?» деп уайымдап едің

ғой, бекер уайымдағансың, тасымайсың! Ал, қызым, сен кредитті қалай жабатынымызға алаңдаған едің. Енді бізге ештеңенің де керегі жоқ, білесің бе?! Ал ұлым інінің орнына күшік сұрап еді ғой! Міне, саған күшік сияқты іні, жетектеп жүрсөң болады...»

Адам осынша қатігез болар ма, басына небір ой келді, өзін кінәлап, жанын жей берді; қан кетіп, қызыу көтерілді, телефонды алмақ болыш орнынан тұрғанын біледі, есінен танып құлады.

Гүлмира есін жиғанды ұлken үйдің алдында тұр екен. Хан сарайында үй тұтас қоршалған екен және Кремльге ұқсайтын. Үй Гүлмираның көз алдында салынып, ұлкейе берді. Кірпіштер рет-ретімен қалана берді — қызыл кірпіш, көк кірпіш, қызыл кірпіш, көк кірпіш, осылай биіктей берді, биіктей берді. Мұқият қарағанында кірпіштің біреу басып шығарып жатқан карта сияқты екенін көрді. Кезекті карта шыққан кезде Гүлмира ол картаның өзінің ұлы екенін санасымен түсінді. Ол принтерден басқаша болыш шықты, теп-тегіс Шымшуыр сияқты. Сол кезде белгісіз бір қол пайда болды да, оны қабыргаға қаламай, төмен ысырды, қақпаның түсында оның өзінің орны да



бар болып шықты. Бұл жоспарлы түрде күткен бала еді. Алып үй биіктеген үстіне биіктеп салына берді, арасында бос қуыс пайда бола қалатын, ал басқаларына ұқсамайтын карта басылып шыға қалса, сол қуысқа апарып қоятын. Гүлмира ұлының жанында, бір-екі кірпіштен кейін тағы бір бос қуыс бар екенін есінде сақтап қалды. Күні келгенде ол карта та пайда болады.

Бір сәтте Гүлмира қабырганы тұтас көрді де, төбе қүйқасы шымырлап қоя берді. Картаны тұтас көргенде бәрін де түсінгендей болды. Оның алдында шежіре тұр еді. Көк карталар — тұқымдағы ер адамдар, қызыл карталар — әйел адамдар, ал әр жердегі қуысты толтырып тұрған теп-тегіс Шымшуыр сынды карталар — тұқымдағы айрықша балалар. Гүлмира дәрігер әрі материалист болатын, ешқашан ырым-сырымға, тұстегі аян дегенге сенбеген, ал енді есін жия салысымен әuletтің ақсақалдарын іздей бастады: ұлкендер жағы Гүлмираның болжамын расқа шығарды, тұқымдарында әр буында ерекше бала дүниеге келеді екен. Әкесінің, атасының, аргы бабасының буынында да болыпты, тіпті оның ар жағында да болған деседі. Мұндай балаларды ешқашан

өзекке теппепті. Жаратушының жіберген ерекше белгісі деп біліпті, қарғыс деп қабылдамапты.

«Жақында тағы біреуі дүниеге келеді, дайын болындар», — деді Гүлмира көз жасын тоқтата алмаған күйі туыстарына. Ал таңертең көзінің жасын сұртіп таstadtы және жанын жегідей жеуді тоқтатты. Мәселе оның жасында да, сұық тиіп ауырганында да, вируста да емес. Тіпті енді оның маңызы қанша? Ең бастысы, періштенің еш кінәсі жоқ. Осы сәтте өзінің қайғысын ұмытып, жанында жатқан бауыр еті баласына қарады. Үн-тұнсіз жатқан періштенің қарны да ашып қалған сияқты. Алғаш рет емізді. Содан кейін медсестрадан блокнот пен қалам сұратып алыш, әрі қарайғы іс-әрекеттерінің жоспарын жаза бастады.

Бірінші кезекте баланы тексеруден өткізу керек — мұндай балалардың дамуында басқа да кілтипан болуы мүмкін.

Екіншіден, арнайы есепке тұру керек.

Үшіншіден, мүгедектігін рәсімдеу керек.

Төртіншіден, қай жерде сауықтыру орындары бар екенін білуі керек.

Осылайша оншақты тармақты тізіп шықты.

Ол үнемі жоспармен жүретін. Ал Даун синдромымен дүниеге келген бала оның өміріндегі бақылауға алуға болмайтын бірінші жағдай болатын. Осы баланың бойға біткені де қызық. Тағы бір бала туу жөнінде көптен айтып жүргенімен, көтере алмаған. Бірде Астанадағы сіңлісі болсанып, Гүлмира серіктес болып кірді. Нәрестені көргенде гормондары көтеріліп кетті ме, содан келе салғаннан кейін-ақ көп ұзамай аяғы ауыр екенін білді. Бастанапқыда «мұндай да болады екен-ау» деп күліп те жүрді.

Жағдайын сұрауға келген бастығының сөзі Гүлмираның есін біржола жигызган қадам болды.

Аурухананың бас дәрігері өзінің төтенше жағдайлар жөніндегі орынбасары әрі жақын құрбысы Гүлмираға: «Еңсенді көтер! — деп бүйіра сөйледі. — Біз дәрігер емеспіз бе, бәрін түсінуіміз керек. Менің ұлым сап-сау болып дүниеге келді, бес жасқа дейін шапқылап жүрді. Ток соқты да, өлді. Менің сол кездегі қайғымды білесің гой. Оның жанында есейіп қалған ұл-қызың бар, Құдай саған тағы бір перзент беріп отыр, жәй бала емес, күн сөүлелі бала! Қане, есінді жи да, іске көш!».

Есін жиганнан өзге амалы да жоқ еді. Басымызға қандай жағдай түссе де, қайғыға батып отыра бермей, дер кеziнде есімізді жиып, әрі қарай не істей керектігін ойластырганнан абзалау жоқ.

Кенже ұлдың атын Нұрадин деп қойды, еркелетіп бәрі Нұрикош дейді. Ал екі жылдан кейін Гүлмираның немере ағасының қызы Даун синдромы бар ұл туды. Тұқымда тағы бір айрықша бала туылды. Күйеуінің туыстары баладан бас тартсын немесе үйге келмесін деп шарт қойып жатыр дегенде Гүлмира тағы бір картаның өз орнын тапқанын ойлады.

Нұрадин, Нұрикош

Ас бөлмедегі екеу әлдеқашан сұып қалған шәйді сораптап, ұзақ отырды. Күйеубала үнсіз ғана егіліп отырды, арасында келіскені, әлде тыңдалап отырғанын білдіргісі келгені белгісіз, басын шұлғып қояды. Жас әке қын таңдаудың алдында тұр еді: туған ұлынан бас тартып, әйелімен ажырасу немесе әке-шешесімен араздасу. Отбасы кемтар баланы қабылдағысы келмеді. Ертең келіншегі мен баласы перзентханадан шығады, ал ол әлі бір шешімге келе алған жоқ. Ол әйелін жақсы көретін. Үйдегілердің сөзін айтқанында да келіншегі өзін ұстай білді. «Ажырасқың келсе мейлің, бірақ мен ұлымнан бас тартпаймын», — деп кесіп айтты. Туған әке-шешесінен, өулетінен де безіп кете алмайды. Не іstemек керек?

Гүлмира жауап табуға көмектескісі келді. Күйеубаласына мұндай баланың ата-анасы болып отырған алғашқы да, соңғы да емес еkenін айтты. Мұның алғашқы сәттегі есептіреу кенін, ал қорқыныш пен қайғы-мұнды жеңе білсе, оның ар жағында шексіз махаббат жататынын түсіндіруге тырысты. Баланы өзімнің бір бөлшегім деп қабылдаған кезде «Не істеу керек?» деген сұрақтың маңызы болмай қалатынын ұғындырмақ болды. Не

істегені қалай? Әрі қарай өмір сүреді. Тек енді өмір ерекше туған жанының бір бөлшегімен бірге жалғасады. Қабылдамайтында, періштенің жазығы не? Бала да, сен де, келіншегің де кінәлі емессіңдер, бұл — өмір, ал өмірде бізді не күтіп тұрғанын, күні erteң не боларын білмейміз. Бірақ баланы сүйіспеншілікке бөлек, оған қамқор болу, бақытты отбасын құруға біздің шамамыз жетеді. Менің Нұрикошымға қараши, екі жасқа таяды, жүргүре талпының жүр, үнемі күліп жүреді. Менің осы баладан бас тартқанымды елестетіп көрші! Осы әлемдегі бүкіл дүниeden бас тартсам да, балапанымнан бас тартпаймын! Туған балаңды тастанап кеттің дейік, әрі қарай қалай өмір сүресің? Мұның салмағы қандай ауыр еkenін білесің бе? Бейтаның жандарға қалдырып кете барып, үйге қайтқанда тамақтарыңнан ас өтеді деп ойлайсыңдар ма? Осы ойдың өзі-ақ сендерді жегідей жеп бітіреді. Әрине, сенің ата-ананды да түсінемін, оңай емес. Бірақ мұндай баланың да артықшылығы бар. Мысалы, балалық шағы ұзагырақ болады! Бәлкім мен баламды аяй берген шығармын, ол тек жасқа толғанда отырып, екіге толғанда алғашқы қадамын жасады, өйткені біз үшін уақыттың

өлшемі бөлек. Қазір баламның ерекше екенін соншалық сезінбеймін де. Сендер де жеңіп шыға аласыңдар! Ойланып, бәрін таразыға тартып, шешім қабылдауға бір күн уақытың бар. Мен Айжанды білемін, ол ешқашан туған баласынан бас тартпайды, сенсіз де өмір сүре береді, ал сен екеуінен де мәңгіге айырыласың.

Күйеубала тіс жарып ештеңе демеген күйі үнсіз тыңдалап, үнсіз жылап, есіктен шығып кетті. Ал ертесіне перзентханадан әйелі мен баласын алыш кетуге барды, қазір олардың үш баласы бар, ұлкені — ерекше бала, қалған екеуінің дені-қарны сау.

Әй, бірақ, барлық бала ерекше, барлық бала тең...

Осы бір қарапайым шындықты Гүлмира ана ретінде де, невропатолог дәрігер ретінде де балабақша басшылауына жеткізуге тырысты. Оның ұлын ешқайды алмады, бәрі жауапкершіліктен қорықты. Ал Нұрикош салмақты болатын. Ол шын мәнінде күн сөүлелі бала еді — жылауы сирек, үнемі күлімдеп жүреді, адамға жұғымды, мейірімді, қоршаган ортага титтей де зияны жоқ. Екі жаста жүре бастады, суда жүзуді үйренді, өздігінен горшокқа да отыратын болды. Әрине, ешқандай проблема



болған жоқ, әке-шешесіне тек қана қуаныш сыйлады десек, онымыз өтірік болар еді. Үрей де, толқу да, уайым да болды, кішкентай баласы бар ата-ананың барлығы бастаң өткеретін сезімді Нұрикоштың ата-анасы да айналып өткен жоқ. Бірақ олары ұзаққа созылмайтын. Нұрикоштың жүргегінде ақау бар екені және бұлшықеттері өлсіз екені белгілі болды. Жазда Қызылорда қатты ыстық болады, кейде елу градусқа дейін жетеді, шаң ұшып, тыныс алу қыындаі түседі. Жастан енді асқан кезінде Нұрикош сүйк тиіп ауырып қалды, инфекция өкпесіне түсіп кетіп, он күннен аса жан сақтау бөлімінде жатты. Енді үміттері үзіле берген шақта есін жиды, өмір сүрге құштарлығы аурудан мықты болып шықты. Осыдан кейін Гүлмира ұлын сауықтыру орталығына апарды. Ауруханадағы жұмысынан шығып, 2012 жылы жаңадан ашылған мүгедектер орталығына жұмысқа тұрды. Гүлмира жаңа қызметте баласының денсаулығын үнемі бақылауда ұстап, сауықтыруға жиі-жіңі жатқызуға болады деп ойлағанын жасырмайды. Медициналық күтім мен ата-ананың махаббаты ғана жеткіліксіз, баланың әлеуметке бейімделіп, дамуы да маңызды. Төрт жасқа толған Нұрикоштың енді

төрт қабырғаға қамалып отыра алмайтыны, олай етудің дүрыс еместігі белгілі еді.

«Басқа балалармен араластыруға неге болмайды екен?» — Гүлмира үнемі жадырап жүретін ұлына қарайтын да, осы сұрақты қайталай беретін. Қызы жиырма жетіге толды, одан кейінгі ұлы он тоғызға толды, олардың екеуі де көдімгі балабақшаға, қарапайым мектепке барған; екеуі де университетке түсken, қызы бітірді, ал ұлы Мәскеуде әлі де оқып жатыр. Олардың оқуына орай ешқандай проблема болмапты. Тек Нұрикош мектепке барар жасқа жеткенде ғана Гүлмира өзі үшін жаңалық ашқандай болды. Оның балаларымен бірге ерекше балалар оқымапты, сонда олар қайда кеткен? Олар қайда тұрады, қалай өмір сүреді? Өз басымызға түспейінше мұндай күрделі де қолайсыз мәселені ойлай бермейді екенбіз. Ал онымен бетпе-бет келгенде әркім әлі келгенше күресіп, басын тауга да, тасқа да соғады екен. Қызылордадағы ел сыйлайтын адамдардың қатарында бола тұра Гүлмира ұлын балабақшаға орналастыра алмады. Ол барған бақшалардың қай-қайсысында да құбыжықтар емес, адамдар қызмет ететін, тіпті олардың кейбірі

Ұмай

жанашырлықпен қарайтындаид да көрінетін. Бірақ, амал қайсы, өмір өз дегенін істейді екен.

Екі жыл бұрын Гүлмираға тағдыр тағы бір сынақ ұсынды. Қатерлі ісікпен күресуіне тұра келді. Қазір ол туралы айтқысы келмейді, бірақ ұлының тағдыры үшін күресуі ауруды жеңіп шығуына көмектесті-ау деп ойлаймын.

Бірнеше балабақшаға барып, әбден тауы шағылды. Барлығы бас тартқанда ұнжыргасы түсіп кетті. Сөйтіп жүрген күндердің бірінде таныстары балаларды бөліп-жармай қабылдайтын балабақша бар екенін айтты.

Ұмай деп ежелгі түркітілдес халықтар ұрпақ жалғастырушы Тәңірін айтқан. Анар Ізден жаңадан ашқан бала бақшасын да осылай «Ұмай» деп атады. Тауы шағылған ата-аналар балаларын осы жерге өкеле алады. Мұнда Даун синдромы, церебралды сал, олигофрения, аутизм, саңырау... кез келген бала қабылданады. Барлық бала тең, барлық бала маңызды. «Сорос-Қазақстан» қорының бағдарламасы осылай аталады, осы бағдарлама бойынша еліміздегі бірінші инклузив балабақша жұмыс істей бастады.

Әр топта айрықша қажеттігі бар 2-3 баладан бар, бұған қоса жеке коррекциялық топ та қызмет етеді. Мұнда жалғыз ғана түйткіл бар, орын болмай қалуы мүмкін. Балабақша біреу, мамандар жетіспейді, өтініш айтатындар көп, қаржы шектеулі, мұның бәрі аз болғандай заңнаманың да түйткілді тұстары көп. «Ұмай» балабақшасының негізін қалаушы әрі директоры Анар Ізден мұндайда кейде бетбақ болу да көмектесетінін айтады. Қазір ол жаңа балабақшаның құрылышын бастаған. Қызылорданың сырт жағынан бірнеше жыл бұрын әупірімдеп жүріп алған жеріне екі қабатты балабақша салмақшы. Іргетасы құйылышп, бірінші қабаты тұрғызылып та қойған. Балабақша салынып жатыр

дегеннен-ақ көршісі тездетіп салуларын тілеп жүр: баласын орналастырмақ. «Келесі жылы ашыламыз!» — дейді Анар үміттендіріп. Осы балабақшаны ашу үшін көрмеген құқайы жоқ, соның бәрін абыраймен жеңе білген Анардың бұл жоспары да орындаларына құмән келтірмедік.

1998 жылы Анар Ізден сол кездегі Қазақстанның ең көремет қаласынан қай-қай жағынан да қолайсыз саналатын қалаларының біріне қоныс аударды. Алматыдан Қызылордага көшү Парижден Нью-Васюкиге қоныс аударғанмен бірдей еді. Ата-анасының жанына көшіп баруына әпкесінің сырқаты себеп болды. Алматыда журналист, мүғалім және оқу ісі жөніндегі меңгеруші болатын, ал Қызылордада бәрін басынан бастауга тура келді. Оңай болған жоқ, бүкіл ел көлеміндегі қыындықтар Қызылордада екі есе ауыр болатын. Біраз уақыт әкімдікте жұмыс істеп, шалғайдыры облыстың жағдайын көзімен көрді. Жарығы мен жылуы жоқ үйде өсіп жатқан балаларды көрді, өйткені жарықтың ақысын төлеп, көмір алатын ақша жоқ болатын; зейнетқысы нан-шәйінен артылмайтын зейнеткерлер бағып отырған балаларды көрді; көзін ашқалы бүтін киім кимеген, қолына ойыншық ұстап көрмеген, тіпті аяқ киімі



жоқ болғандықтан далаға да шыға алмай, үйде қамалып отыратын балаларды көрді. Тығырыққа әбден тіреліп, не істеріп білмегендіктен балаларынан бас тартып жатқан жалғызбасты әйелдерді кездестірді.

Анар сол кезден бері бір нәрсені түсінді, барлығы құрдас бола тұра, кедей әрі көпбалалы отбасынан шыққан бала ауқатты отбасының баласынан рең-басымен ғана емес, дene бітімімен де ерекшеленеді екен. Олар әдетте арық, бойы да қысқа болып келеді. Мұндай қызметте жүргендердің кейбірінің еті өліп кететін болса, енді біреулер шарасыздығына күйіп, ашу-ызыға булығады. Бұлай көндігіп журе беруге болмайтынын, жағдайды өзгерту керектігін түсінеді.

Бала қунінде озат әрі белсенді окушы ретінде Анар «Артек» лагеріне барған болатын. Сонда Севастопольге экскурсияға барған. Севастопольдегі өнер музейінен Анар өмірінде бірінші рет қоларбада отырған мүгедек адамды көрген. Кеңестік пионер сол кезде қоларбамен де музейге баруға болатынына қатты таңғалған. Арада көп жыл өткенде Анар сол музейдегі адамды ғана емес, сол кездегі өзінің аңғал ойын да есіне түсірді: Қызылордада неге

мүгедектер ешқайда бармайды? Әлде біздің қаламызда ондайлар жоқ па?

Ол бұл сұрақтың жауабын енді ғана тапты: ондай адамдар бар, тек олар бала күнінен бастап қартайған шағына дейін ешқайда шықпай, төрт қабырғаға қамалып отырып-ақ өмірден өтіп кетеді.

Анар мемлекеттік қызметтөн кетіп, мүгедек балалары бар ата-аналарға көмектесетін «Ұмай» ұйымын құрды. Алғашқы жобасы он екі адамға арналған балалар үйі болса, одан кейін «Ұмай» инклузив балабақшасын ашты. Ол уақытта мұндайдың не еkenін орталықтағылардың өзі білмейтін. Бәрін басынан бастауға тұра келді: алдымен ғимаратты жөндеуден өткізді, жарық, газ, су, жылу тартты, донорлар мен демеушілер іздеді. Балаларды құрдымнан алып шықты десек те болады. Қанша адамды ата-ана құқығынан айырылудан қорғап қалды.

Үкіметтік емес ұйымдардың пайда болуы арқылы елімізде қаншама жаңа дүние пайда болғанын және көп нәрсенің өзгергенін осындай әңгімелерді естіген кезде түсінесің. Ал сол ұйымдарды біресе грантсорғыштар, біресе шетелдік агенттер деп жан таптырмайтын күндер

де болған. Шындаса, Қазақстанда дәл осындай раҳметі жоқ жұмыс бар десе сенбейсің. Қазір ғой қоғам белсенділері «жүлдіз», жүрттың бәрі олармен бірге селфи жасауга құмар, ал о баста осылар бүкіл қарсылыққа қарамай, алға, тек қана алға жүргені ескеріле бермейді. Бұл қоғамға белгілі адамның қайырымдылық шарасына қатысуы секілді емес, мұрныңнан шаншылып тер төгетін жұмыс және ол қызметтің үшін раҳмет естімейтін жұмыс. Кейде шегінуге де тұра келеді. 2009 жылы Анар Арас, Жалағаш, Қызылорда аудандарынан үш стационар ашқан, біраз уақыттан кейін оны жабуға тұра келді. Бұл ата-аналар үшін үлкен соққы болды, олар өлі қүнге дейін телефон соғып, өлі қүнге дейін үміт күтеді. «Менікі жауапсыздық болды, қолымды бір сілтедім, мұны қорқақтық деуге болады», — деп Анар мен күтпеген сөзді айтты.

Ешкімге керегі болмай, қараусыз қалып, қираған ғимараттарды қайта жөндеп, есік-терезесін салып, туалет қойып, мүгедек балаларға жағдай жасағаннан кейін оларға бір түсініксіз адамдар келгіштей бастады. Өздерінің жеңіп шығатынына әбден сенімді еркектер мен бриллиантқа малынған әйелдер көздері жәудіреген балалар мен

қызметкерлердің көз алдында қай жерге қандай жиһаз қоятындарына дейін айтып, олардың ашу-ызасын келтіретін. «Бұл жерде түрік мектебі болады», — деген тон киіп, алтынға малынып алған әйел. «Бұл біздің кеңсеміз болады», — деген қабағы қатулы ер адам.

Прокуратура тексеріп, аймақтық директорлар жауап алу үшін шақырыла бастады, ал қаржы басқармасынан мемлекетке алты миллион зиян келтіргені туралы хат шыға келді. Ештеңеге таңғалуға болмайтын елде бұл да таңғалатын жайт емес еді.

«Арал ауданында жұмыс істеген 9 жыл ішінде халықаралық грантты есептемегеннің өзінде 60 миллион теңге салуға тұра келді; жергілікті мамандардың шет елдерде оқуына жағдай жасадым, Қызылордадан немесе Алматыдан бірде-бір бала болған жоқ, барлығы да Аралдың балалары. Олай болса, бізге неге қысым жасалып жатыр?» — деп әкімге сұрақты төтесінен қойған. Әкім тұра қараудан тайсақтап, ештеңе білмейтінін айтып құтылды.

Домалақ арыздың бірде-бірі расталған жоқ. Бірақ Анар шаршап кеткен еді, біздің елде оған дейін де, одан кейін де мындаған адамның аузынан шыққан сөз оның да аузынан

шықты: «Осының бәрінің маған керегі не?!».

Базарда майшелпекте жұмыс істемейді, мұнай сатпайды, пайдалы қазбаларды іздеумен айналыспайды, соған қарамастан үнемі өзінің ақ екенін дәлелдеуге тұра келетін. Облыс әкімі ауысқан сайын мазасы қашатын, үкіметтік емес үйым жұмысының саясатын түсіне бермейтін әкім-қаралардың қай тұстан не ойлап табарып ойлағанда жүйкесі сыр беретін. Қарым-қатынасы қандай болмақ? Егер көзқарасы дұрыс болмаса, ұйымға қысым көбейеді. Ал шындап келсе балабақша мен балалар үйінің кімге қандай зияны бар? Бірақ оған көз алартуға да себеп көп: жап-жаңа болып жөнделген ғимарат, шетелдік гранттар, мемлекеттік тапсырыс, адамның ашқөздігі, ақымақтық, надандық...

2003-2004 жылдары «Ұмай» ҮЕҰ мемлекеттік машинаның қарсылығына барынша шыдап бақты, бірнеше сотта жеңіп шықты, бірде-бір тексеру заң бұзушылық бар екенін көрсете алмады, барлығы шетелдік донорлар мен ірі компаниялардың бөлген қаржысы болатын. Әртүрлі жағдай болуы мүмкін екенін ескерген Анар Ізден: «Бізге ешқандай ақша аударудың қажеті жоқ, тек тікелей жұмысты атқарып

берсеніздер болғаны, біз көреміз де, акт арқылы қабылдаймыз», — дейтін. Екі мыңшы жылдардың басында әкімдікпен қарсыласқан тұста осы стратегияның көмегі көп тиіді. Сол кезде «Ұмайға» шындал жабылып қалу қаупі төнген еді. «Ұмай» соның бәріне төтеп берді. Тек бір күні оның директоры әбден ширығып, «Торғай-Петролеумның» басшысы Алик Айдарбаевтың кабинетінде көз жасына ерік береді. «Ол кісі қорқып кетіп, не болғанын сұрап жатыр. Ал мен солқылдан, көз жасымды тоқтата алар емеспін», — деп еске алады Анар.

Жағдай былай болған: заң бойынша коммерциялық компаниялардың балалар үйіне немесе басқа да ұйымдарға көмектесуге хақысы жоқ бол шыға келді, бұдан былай әлеуметтік ақша әкімдіктерге беріліп, кімге және қанша ақша беру керектігін әкімдіктегі шенеуніктер шешетін болды. Автономды жылыту жүйесі үшін «Ұмайға» дизельді «Қазгермұнай» беретін, енді бір сөтте бере алмайтын болды. Ал бұл кезде қараша айы болатын. Күн сұық. Дәл сол сөтте санэпидемстанция қызметкерлері де тексеруге келе қалып, үш күннің ішінде гимараттағы температура +22 градусқа көтерілмейтін болса, балалар үйін де, балабақшаны да

жабатындарын айтып кеткен. Осы кезде Анар табанынан таусылып көмек іздеді. Оған тез арада линия жүргізіп, ішкі жылу жүйесіне қосылу үшін үш миллион теңге керек болды. «Торғай-Петролеумның» кеңесесінде зорға дегендегенде көз жасын тыйып, осыны айтқанда директор: «Құдайға шүкір, бас аман екен. Ал ақша деген шешілетін мәселе», — деген.

Анар бұл жолы да ақшаны қолға алған жоқ, үш күн ішінде бүкіл шаруаны тындыратын жұмысшы бригадасына тікелей төлеуді өтінді. Ал үш күннен кейін градусниктерін алып, қайта келген СЭС қызметкерлері бөлмелердің жып-жылы екенін, балалардың толып отырғанын көріп, таңғалыстарын жасыра алмады. «Ұмай» ол жолы да жабылмай қалды. Ал бірнеше айдан кейін балалар үйіне алакөздене қараған әкім (мұндай да болады) отставкаға кетіп, аноним шағымдар, тексерулер мен сотқа беру өз-өзінен тоқтап қалады.

— Сонда сіздерге не үшін қысым жасады? — деп сұрадым.

— Соны өзім де білмеймін, олар ашып айтпайды ғой.

Government relation, яғни жергілікті болсын, республикалық деңгейде болсын (Астанаға штаттық кестені

бекітүге барғанда Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрлігіндегі шенеуніктердің үш күн сандалтып, соңында мұлдем қабылдамай қоятыны бар) билікпен қарым-қатынастан басқа заңың олқылығына орай туындастын мәселелер де бар. «Ұмай» инклузив бала-бақшасы ақылы негізде жұмыс істейді, сонымен қатар мұқтаж адамдарға тегін қызмет көрсетеді. Донорлардың қаржысын тартуға болмайды, тек қана мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қызмет етуге тұра келеді. Ол тапсырысқа сай істесең, жылдың тек тоғыз айында, яғни 1 сәуірден 31 желтоқсанға дейін ғана жұмыс істейің керек, сосын наурыз айына дейін тендерді күтесің. Жылдан жылға тек осылай жалғаса береді. Амал жоқтықтан ақысыз демалысқа жиберу, айлықтың аз болуы кері өсерін тигізбей қоймайды. Тіпті сирек кездесетін мамандардың да айлығын көтере алмайсың, соның салдарынан Ұлыбритания, Германия мен АҚШ-та оқып қайтқан дефектолог, логопед, психологтардың (Қызылорданың балабақшасында!) арасынан бүгінде жасы келген екі адам ғана қалған. Мұның алдын алуға болар еді, сол үшін ҮЕҰ директоры министрлікке үсті-үстіне хат жолдап, тендердің мерзімін қайта қарастыруды,

үш жыл үздіксіз жұмыс істеуді өтініп сұраған, әлі күнге нәтиже жоқ.

Балалардың көзге көрінетін табыстары мен осы қазажырлы еңбекті елеп-ескеру ғана көнілге медеу. 2017 жылдың соңында облыс әкімі Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқан қофам қайраткері ретінде Анар Ізденнің кеудесіне медаль тақты. Кімнің кім екенін түсіну үшін де ондаған жыл керек болды. Дегенмен, тоқмейілсуге де болмайды, біздің елде бәрі мүмкін, кез келген сәтте жағдай өзгеріп кетуі мүмкін. «Ары тартсаң арба сынады, бері тартсаң өгіз өледі» дейтін жағдай әлі де тууы мүмкін.

Инклузив балабақша да Анардың табандылығын таразыға тартқан кезекті сынақ болды. Бұл тек қана жұмыс емес, адамдардың ойлау жүйесін өзгерту жолындағы төңкөріс болды десек қателеспейміз. «Ұмай» балалар үйі мен балабақшасы о бастан-ақ кез келген баламен жұмыс істеуге дайын еді. Бірақ заң «мүгедек» және «ақыл-есі кем» балаларды қабылдауға тыйым салды, жасырып-жауып жатпай-ақ осылай турасын айтты. Медициналық комиссия ондайларды жолатпайтын, кейде тіпті жеңіл деген сырқаттардың өзі өтпей қалатын.

«Бала өзіне зиян келтіруі мүмкін» деген себеп айтылатын.

«Бұл өзі таңғаларлық жағдай. Кей балалардың аяғы сөл-пәл қисық болады, қолында аздаған кемістік кездеседі. Бірақ Ол баланың дамуга толық хақысы бар емес пе?» — дейді Анар таңданысын жасыра алмай.

Содан кейін психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) талаптарын алдын ала орындалап, бөлек топ ашуга тұра келді. «Ұмай» балабақшасындағы коррекциялық топ тоқсаныншы жылдардың соңынан күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді, онда дамуы қатты тежелген балалармен жұмыс істейді, егер ПМК құп көрсе, бала бірден көдімгі топқа ауысады. Ал балалардың тағдырын кімдердің және қалай шешетіні өз алдына бөлек мәселе.

«Америка мен Еуропада интеллектісі айтартықтай бұзылған балалардың өзін жалпы білім беретін мектептерге қабылдай береді, олар барлық баламен бірге, бірақ жеке бағдарлама бойынша оқиды. Даун синдромымен туылған баланы ешкім жоғары математикаға дайындамайды. Олардың сабағына қатысқанымда өмірде қажет болатын практикалық білім беретінін байқадым. Ал бізде не ел қатарлы оқы, не мүлдем оқыма деген көзқарас. Таңдауды

ПМПК мүшелері жасайды. Олар баланы қанша уақыт көріп-біледі? Жарты сағат па? Ал мұндаидар бейімделудің өзіне бір сағат уақыт керек. Кейде балаға аутизм деген диагноз қояды, ал шын мәнінде мүлдем басқа нәрсе болып шығады, мысалы, отбасындағы психологиялық проблема болуы мүмкін. Ал әңгіме баланың болашағы туралы. Ол бала «қақыл-есі кем» деген қорлықпен өмір бойы өмір сүруі керек.

Рита мен Гита, Гита мен Рита — егіз. Екеуінің бір-бірінен айнымайтыны соншалық, кейде тәрбиешілерді де әрі-сәрі етіп қоятын. Алайда егіз қыздардың сырт келбетінің ұқсастығы көпке ұзамай басылды. Рита пысық әрі көпшіл болатын да, Гита момын еді, жалғыздықты жақсы көретін. Рита кішкентай ханшайым секілді болатын, бәрі оның айналасында үйіріліп жүретін, ал Гита сағаттан жалғыз өзі текшелерді жинап отыра беретін. Рита үнемі анасының қасына жататын да, Гита басқа бөлмеде апасымен ұйықтайды. Рита қалыпты бала, ал Гитага дәрігерлер аутизм деген диагноз қойған.

Балабақша директоры бұған күмәнмен қарады. Диагнозға араласуға хақысы жоқ болатын, бірақ

тәрбиешілерге егіздерді бақылап жүруді тапсырып қойған. Тәрбиешілер қызықты ештеңе байқай қойған жоқ. Рита көпшіліктің ықыласына бөленіп, ортада жүрген уақытта Гита текшелерді бірінің үстіне бірін қойып жинай беретін. Гита туғандарымен сөйлеспегенімен, бөтен адамдармен тез шүйіркелесіп кететін. Аутизм диагнозы қойылған балалар өйтпеуі керек еді. Содан кейін Анар қыздардың анасын әңгімелесуге шақырды. Балабақша қызметкерлері Гитада аутизмнің ізі де жоқ екенін айтты. Кейінрек мұны медициналық комиссия да растады. Бар мәселе анасының алғашқы күннен бастап үнемі жадырап жүретін, сүйкімді Ритага көбірек көңіл болуінде екен. Мұны сезген Гита біртіндеп тұйықтала берген. Анасының сыңарына ғана бар пейілін бұратынымен еш күрсесе алмағандықтан ол өзінің жеке әлеміне сұнғи берген екен.

— Бәріне өзіңіз кінәлісіз. Егер балацызды құрдымнан құтқарғыңыз келсе, көзқарасыңызды өзгертиңіз, — деп Анар қыздардың анасына тұрасын айтты.

Қазір егіз қыздар жалпы білім беретін мектепте жоғары сыныпта оқиды. Мінездері бір-біріне мүлдем ұқсамайды: бірі анық экстраверт те, екіншісі интроверт. Бірақ

бұл проблема емес, әлемнің өзі әртүрлі адамдардан тұrmай ма?! Егер әркімге айдар тағып, әрнеден қорқа беретін болсақ, дені сау адам қалмайды, мұндайда қогамның өзін жарымжан деу керек.

Біздің елімізде отбасында айрықша баланың дүниеге келуін өмір сұру дағдысын өзгертетін ауыр қайғы деп қабылдайтын жағдайлар көп. «Ұмай» балабақшасына бес жасар немересін алып келген (психикалық дамуы тежелгені бір қарағанда байқалмайды да) әжемен аз ғана әңгімелескеннің өзінде осыны түсіндім. Мәселеге мұндағай көзқарас қалыптасуына бәріміз кінәліміз. Адам көрмегендей немесе ала көзben қаралу, ретсіз сұрақтар қою, кемшилігін айтып мазақтап, ен тағу (мәселен, Атыраудағы исатайлық балалар «мақау» деген сөзді көп естиді) онсыз да өзін бақытсыз сезінетін адамның ұнжырғасын одан бетер түсіреді.

Ал білім беру жүйесінің балаларды дені сау және дені сау емес деп бөлуі біржола үміттерін үзеді. Мұндайдан кейін бала кембагал екенін бұрынғыдан бетер сезіне түседі. Осы кітапты жазу барысында мен жолығып сөйлескен ата-аналардың қай-қайсысы да баласының барша бала

баратын балабақшага барғанын, ел қатарлы мектепте оқығанын, жүртпен бірге колледжге түсіп, ел қатары жұмыс істегенін қалайды. Олар айрықша ештеңе сұрамайды, ел қатарлы өмір сүрсе дейді. Бірақ соның өзі мүмкін емес, үнемі бір кедергі кездесе кетеді. Кей жерде балабақша жоқ, кей жерде мектепке алмайды, енді бір жерде колледж жоқ, ал кей жерлерде мұның ешқайсысы жоқ. Бола қалғаның өзінде де медициналық комиссиядағы қабағы қатулы апайлар мен ағайлар алдыдан шығады, ПМПК оң көзben қарай қалса, басқа балалардың ата-анасы шағым айтады...

Мұндай кедергілер тізбегі өмірі таусылмайды.

Анар біздің қоғамда кемтар балаларды айтпағанда, сау балалардың дамуына мүмкіндік бермейтін көптеген түйткіл бар екенін айтады.

«Неге кей балалардың педагогикалық жағынан қараусыз екенін көреміз? Өйткені олармен ешкім жұмыс істегісі келмейді. Неге балалар дұрыс сөйлей алмайды? Өйткені олармен ешкім сөйлеспейді. Қызылорда облысында айрықша қажеттігі бар он мыңға жуық бала бар, олардың дені үйінен шыға алмайды, өзімен-өзі өсіп жатыр. Бізде мекемелердің арасында өзара байланыс жоқ.

Диагноз қояды, қандай да бір қызмет түрлерін, мысалы, памперс, дәрі-дәрмек алуға кезекке қояды, одан өрі баланың тағдыры ешкімді қызықтырмайды. Ал негізінде бәрі басқаша болуы керек. Балаға диагноз қойылғаннан кейін ол бір жасқа толғанша патронаж қызметкер онымен жұмыс істеуі керек, ол барлығын участекелік дәрігерге жеткізуі тиіс, дәрігер өлеуметтік қызмет өкілдеріне хабарлауы тиіс; содан кейін ол балаға сауықтыру және дамыту орталығын тауып беру керек. Өміріміздің әр саласында мемлекеттік рөлі зор екені айтылады фой, бірақ дәл осы салада мемлекеттің назары жетіспейді. Мұндай балалардың тағдырын ата-анасының санасына тәуелді етіп қойған, ал ата-аналардың көпшілігі баласының болашағы үшін саналы түрде күреспейді», — дейді Анар.

Германияның Ганновер қаласында оқып жатқан қызылордалық тәрбиешілерді бір пансионатқа алып барыпты. Онда жасы да әркелкі, қажеттілігі де өртүрлі адамдар бір бөлмеде өте ұсақ бөлшектерді мұқият жинап отыр екен. Қазақстандықтар ол адамдар моториканы дамытатын жаттығу жасап отыр деп ойлапты, сөйтсе олар BOSH компаниясына арналған кәдімгі микрочиптерді жасап отыр екен.

Ал мектеп алмасу бағдарламасы бойынша Америкада оқыған Анардың ұлы түрған отбасында бір бала дислексияға шалдыққан, яғни оқи алмайды екен. Әріптері бір-біріне қосылып, түсініксіз бірдецені оқиды екен. Бірақ жақындары мұны трагедия деп қабылдамапты, тіпті оқуына да еш кедергі болмапты. Тек бала спорт мектебінде білім алады екен, қазірдің өзінде көсіби футболда жақсы нәтиже көрсетіп жүрген бала болашақта танымал футболшы болатын шығар, кім біледі?.. Болмаса да ештеңе етпейді, мақсат ол емес. Ең бастысы, әр балаға айрықша қабілеті мен талантына қарай дамуға жағдай жасау керек. Ал потенциал әр баланың бойында болады.

«Біз неге соны істей алмаймыз?» — дейді «Ұмайдың» директоры. Ал мен оған дәл осы сұрақты қоюға келген адаммын және сұрағымның жауабын таптый да. Анар және Анар сияқты адамдардың қолынан іс келеді, олар соны жасап, таптаурын көзқарасты өзгертіп те жатыр. Теңізге тамған тамшыдай болса да жағдай өзгеріп келеді. Ал тамшыдан теңіз құралады.

Бір күні «Ұмай» балабақшасы директорының кабинетіне бір әйел кіріп келді де, баласы баратын топтағы

ақсақ баланы басқа топқа аудыстыруды талап етті. «Анау ақсақ баланы құртыңыз» деп турасын айтты. Балалар бір-бірін мазақтағанды жақсы көреді гой, әлгі әйелдің баласы ақсандаш жүретінді шығарыпты. Тағы бірде біреудің баласы кекештene сөйлейтін болыпты. Ол балалардың анасын да түсінуге болады, ешкім баласын жаман болсын демейді гой. Бірақ, үл ерекшеліктердің жүқпалы емес екенін түсіну керек, бала болғаннан кейін қайталауы да мүмкін, бірақ оны қойып кетеді. Тек уақтылы бақылап, түсіндіріп, түзетіп отыру керек. Анар тәрбиешілерге де осыны айтады, олар мұны ата-аналарға барынша түсіндіруге тырысады, сонда да болмай жатса ғана балаларды әртүрлі топқа жібереді. Айтпақшы, аяғын сылтып басатын баланы аудыстыру қажет болмапты. Кейін жекеменшік фирмасы бар келіншек аяғы кемтар балаға әр маусым сайын арнайы тапсырыспен тігілген ортопедиялық аяқ киім алыш беріп жүріпті.

Балалардың өзі айрықша балалармен бірге жүргуге еш қарсы емес. Балабақшада да, мектепте де, колледжде де мұндаиді балаларды тез-ақ орталарына қабылдайтынын білдім. Инклузивті мектептерде де түсініспеушілік бастапқы кезде ғана болады. Біреу сал ауруымен аудыратын балаға

байқамай тиісуі мүмкін, екіншісі мазақтауы мүмкін, бірақ арада аз уақыт өткенде балалар керісінше құрдастарына көмектесетін болады. «Балалардың адамгершілігі артып, өздері ашыла түседі, мейлінше мүқият қарауға тырысады», — дейді мұғалімдер мен тәрбиешілер. Мұндайда әркім өзіне керегін үйренеді.

Даун синдромы бар төрт жасар Нұрадин диагнозы психикалық дамудың орташа немесе ауыр түрде тежелуі екеніне қарамастан, жалпы білім беретін мектепалды бағдарламаны аяқтаған. ПМПК талаптарына сай оны алдымен коррекциялық кабинетке қабылдаған, ал «Ұмай» балабақшасының бұл тобында әртүрлі деңгейдегі жеті бала болған. Гүлмира бастапқыда соның өзіне риза болған, бірақ бірнеше айдан кейін басқа топтармен салыстырған уақытта жүргегі қан жылағанын айтады. «Коррекциялық топта атмосфераның өзі басқаша. Қанша тырысқаныңмен, көңілсіз, түнеріңкі. Анар ана жүрегін түсінуге тырысты, тәрбиешілердің алдына Нұрадинге қатысты жаңа мақсаттар қойды. Ал балақайдың әкесі төрт жыл бойы әр айдың соңында балабақша ақысын төлеу үшін бірінші болып жүгіретін. «Коррекциялық топ тегін еді, ал жай топта

ақы төлеу керек. Ақы төлегеніміздің өзі біз үшін мәртебе еді», — дейді Гүлмира.

2017 жылы Нұрадин Қызылорда облысы әкімінің қолынан жалпыға білім беретін мектепалды бағдарламаны табысты аяқтаған алғашқы ерекше бала ретінде «оқудағы табысы үшін» деген мақтау қағазын алды. Балақай атанасының көмегінсіз сахнаға өзі көтеріліп, басшылыққа және залда отырған көпшілікке күлімдей қол бұлғайды. Осы сәтте көзіне жас алмаған адам қалмады. Бұл керемет күн еді. Ал одан кейін мимырт тірлік жалғаса берді.

Нұрадин мектепке дейінгі бағдарламаны аяқтағанымен, оқуын әрі қарай жалғастыратын жер жоқ. Қызылордада ол секілді балаларды оқытатын мектеп жоқ. Егер Америкада болса, үйіне ең жақын мектепке барып, мүмкіндігіне қарай белгілі бір бағдарлама бойынша оқып шығар еді. Ал Қазақстанда бұл мүмкін емес. Тағы да тығырыққа тірелген ата-ана сегіз жасар Нұрадинді мүгедек балаларға арналған мектеп-интернаттағы Даун балалардың тобына алып барды. Ол интернатты да энтузиаст ата-аналар өз күшімен ашқан.

Қайтпас қайсар Аружан

Астананы іссапарымның ең соңына қалдырған болатынмын. Қызылқұмның бүйра құмдарынан кейін, құп-құргақ, тал-дарақсыз жүздеген шақырым Атырау жерінен кейін Астана сүйк, паң әрі тәкаппар болып көрінді. Жыл сайын елордаға бір кірпіш боп қалану үшін, табысқа жету үшін немесе жәйғана тұрмысын түзеу үшін 40-50 мың адам қоныс аударады екен. Қазақтардың ең үлкен арманы осы қалада орындалады. 2010 жылдың наурыз айында, солтүстікте әлі қалың қар жауып, аяздың беті қайтпай тұрған шақта осы қалага қоныс тепкендердің қатарында офицер Жангелді Ермековтің отбасы да бар еді. Ол мұнда қызы Аружан үшін Балқаштан ауысып келген. Аружан келесі жылы мектепке баруы керек еді, мұндай мүмкіндік тек ел астанасындаға мүмкін болатын.

Жангелді мен Ардақ Ермековтер жеті айға дейін қыздарының дамуынан ешқандай ауытқу байқаған жоқ. Басқа барлық балалар секілді Аружан да ұйықтайдын, тамақтаннын, гүілдеп дыбыс шығаратын, ойнайтын, жылайтын, күлетін... Жарты жыл өткенде де, жеті айдан кейін де бала өздігінен отыра алмайтын. Сол кездеғана Жангелді мен Ардақ өмханага барып, қыздарын қаратады. Невропатолог балалардың церебралды сал ауруы және психикалық



дамудың тежелуі деген диагноз қояды. Аружанның атанасы дәрігер қателескен болса гой деп тіледі, соңғы сәтке дейін солай деп үміттенді де. Аружан анасы мен әкесінің атын білетін, өз атын естігенде жалт қарайтын, тақпақ тыңдайтын, айналаның бәріне қызыға қарайтын. Қайдағы дамудың тежелуі? Диагнозы қате болып шықса еken деп тілеумен болған ерлі-зайыптылар тоғыз айлық кезінде қыздарын Алматыға алып келеді.

Ақсайдагы республикалық балалар ауруханасындағы невропатолог дәрігердің қабылдауына барды. Дәрігердің кабинетінде бір бұрышта ойыншықтар жатыр еken, баланы сол ойыншыққа жіберіп қойды. Жангелдінің сыртқа шығып тұруын өтінді, кабинетте баланың анасы қалды. Ардақпен әңгімелесе отырып Аружанды сырттай бақылаумен болды. Ол ешбір мазасызданбай, ойнап отырған. Сөз соңында дәрігер сенімді түрде баланың диагнозын айтты: «Балалардың церебралды сал ауруы, интеллектісі орнында, ақыл-есінде ешқандай кемістік жоқ».

Балқашта ақыл-есі кем деген диагнозды алдын ала ескерту ретінде қойған. Көптеген дәрігерлер өздерінің басын арашалап алу үшін солай істейді. Қосымша диагноздарды уақтылы жоймаса, баланың өмірі бұрынғысынан бетер

қын бола түседі. Сал болғанына қарамастан, Аружанның ақыл-ойы дұрыс, ширақ. Содан бастап баланың денсаулығы мен дамуы ата-анасы үшін бірінші кезектегі шаруага айналған.

— Сенсөніз, тіпті қонақ та шақырмаймын, уақыт жоқ! Таңтерең мектепке барамыз, түстен кейін үйірмелеріміз бар, массаж бен физиоемдеу шарасына барамыз, кешкілік үй жұмысын орындаімyz, — дейді Ардақ.

— Иә, баланың қамы үшін қонақ шақырмау қазақтар үшін ерлікке пара-пар, — деймін мен еш кекесінсіз.

Құлсарыда Айша бір қыста екі сиыр, екі жылқы, бір түйеге қоса бірнеше қойды жеп қоятындарын айтқан болатын. Өйткені жыл он екі ай қонақтары бітпейді — соғым, көніл шәй, келін шәй, әйтеуір бір сылтау табылады да түрады. Біреу өледі, біреу туады, біреу үйленеді, енді біреу ажырасады. Бірін қуанышын бөлісу үшін, енді бірін қайғысина ортақтасу үшін шақырады, шақырмаса — ұят. Айша бізге дәл осылай, «ұят» деп айтты. Қазіргі қогамдағыдай кекесіні жоқ, шын мәнінде шарасыздықтан айтылған сөз еді ол. Жалаңаш мүсінге орамал жауып жүрген жігітпен салыстырғанда, Айшаның айтысы мұлдем бөлек болып естілді. Мен оның үнінен шаршағанын және мойынсұнғанын

сездім. Онсыз да таңдан кешке дейін мал соңында жүрген, одан қалса жер тырмалайтын фермерлік шаруашылықтың қожайындары тып-тыныш тірлік кеше берсе, үнем де болар еді. Бос уақыттарында қонақ күткеннен гөрі демалып алса бір ғанибет емес пе? Болашақ үрпағы үшін ақша жинаса қанекей! Бірақ салт, дәстүр оған мұрша бермейді.

Астанадағы жағдай сөл басқаша, қалай өмір сүремін десең де, таңдау бар. Ермековтер отбасы бар өмірін балаларға арнайды. Аружаннан кейін бір ұл бар, Астанаға көшіп келгендеріне бір жыл өткенде дүниеге келген. Алғашқы үш жылда пәтер жалдап тұрды, одан кейін үш жыл шағын отбасылық жатақханада тұрды. Құн сайын таңтерең Ардақ қогамдық көлікпен қызын мектепке таситын, ал түскен кейін сауықтыру орталығына апаратын.

Аялдамада тұрып автобус күтесің, ал біздің автобустарымыз қайбір қоларба салып жүруге лайықталып жасалған?! Қоларбадағы баланы әйтіп-бүйтіп кіргізесің, межелі жерге жеткенде қайтадан түсіресің, осылай құн сайын қайталана береді. Әкімдік мүгедек балаларды тасуға бір инватақси бөлген кезде Ардақ кәдімгідей қуанды. Ал жаңа үйден екі бөлмелі пәтер бергенде, бүкіл отбасының қуанышында шек болмады. Өмірлері бір ізге түскендей

болды. (Маған салса, төрт адамнан тұратын отбасына оның біреуінің мүгедек бала екенін ескеріп, уш бөлме берсе де болар еді).

Ардақ екеуміз кішігірім болғанымен жап-жарық пәтердің қонақ бөлмесінде отырмыз. Ас үйде Аруjan үй тапсырмасын орындаپ жатса, ал ұлы жатын бөлмеде қазақ әдебиетінен берген әңгімені оқып отыр. Отаясы жұмыста. Ол келгеннен кейін барлығы дастархан басына отырады. Пәтерден үй иелерінің жөндеу жұмысына аса мүқият қараганын, әрбір жиһазды талғаммен таңдағанын аңғарасың. Ал ең бастысы, мұнда бір-бірін жақсы көретін адамдар тұратыны сезіледі. Нағыз ұлгілі қазақ отбасы дерсің. Тек кіреберістің жартысын алып тұрған балдақ пен қоларбағана үйдің бар сәнін бұзып тұрғандай.

Жолдың аргы бетінен жаңа мектеп ашылыпты, тере-зеден көрдім. Бірақ Аруjan оқитын инклузивті мектеп қаланың екінші басында. Ұл да басқа мектепке барады. Отбасы мүшелері таңертеш жан-жаққа кетеді. Қазақстан үшін қалыпты жағдай. Лайықты мектепті іздеу мен таңдау арнайы операцияны жүзеге асырумен тең шаруа. Дені сау балалар мен ерекше қажеттігі бар балалардың бәрі бірдей өз үйіне жақын мектепке баратын күні қашан туар екен?

Дегенмен, Астанадағы жағдай өлдекайда жоғары, еліміздің басқа ешбір жерінде оқу үшін дәл Астанадағыдан жағдай мен мүмкіндік жасалмаған. «Инватақси де бар екен» деп ойлап үлгердім. Қазалы мен Қызылордадан кейін бұл расында да таңғаларлық жағдай еді.

— Әрине, екеуі бір мектепке барса жақсы болар еді, бірақ біз ұлымыздың нағыз қазақы тәрбие алғанын қаладық. Қазірден Әділге жауапкершілік артып журміз, «сен жалғыз емессің, әпкеңнің өміріне де жауаптысың» дегенді айтамыз. Үйлі-баранды болғанда да әпкесіне қамқор болуы керектігін айтамыз.

«Әпкеңнің өмірі сенің мойнында» деп ашығын айтып, қазірден құлагына құяды екен. Оқулығын көтеріп, анасына көмек сұрай келген жеті жасар балақайға қарап отырып, оның мойнындағы жауапкершіліктің салмағын сезінгендей болдым. Саған да оңай болмайтын болды, Әділ...

Күпірлік шығар, дегенмен қоларбада отырганына қа-рамастан, Аруjanды жолы болғыш деуге болатын секілді. Оның айналасында тек жақсы көріп қана қоймай, сонымен бірге қолдан келгеннің бәрін жасайтын жақындары бар. Баланы жақсы көру жеткіліксіз, оның дамуына қажетті бар мүмкіндікті қарастыру керек. Әр адамның бойында

болатын табиғи дарыны мен қабілетінің текке кетпей, жандана түсіү үшін күш салу керек. Ол қап-қараңғы түнектен лағыл тауып шыққандай шаруа.

Қызының сал екенін білген күннен бастап Ардақ қызын арқалап жүріп әртүрлі сауықтыру орталықтарына тасудан бір тынгтан жоқ, үйде де өз бетінше сауатын ашуға тырысты. Аружанның бірінші сыныпқа барғанда білген дүниесін кейбір дені сау балалар да білмейтін. Жалпы білім беретін мектепке баруды бәрі де армандал еді, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға да оң шешім шығарып берер деген үмітпен барған. Аружан оқи алатын, оқығанды жақсы көретін, тақпақтарды жатқа айтатын, комиссия оң нәтиже шығарарына күмән болмаған. Бірақ сал ауруымен ауыратын баланы мектеп партасына жібермейді екен. Алайда Астанадағы алғашқы инклузивті мектеп ашылғанда Аружан жеті жаста болатын, оның тағы да жолы болды. Астанадан алыс тұратындар үшін бұл арманғана. Әй, бірақ, жолы болу деген бер жағы ғой, сол үшін қанша күш-қуат жұмсалып, қанша ерік-жігер қажет болғанын былайғы жүрт қайдан білсін?!

Қатал мұғалім Сәулежан Үәзірқызы

2011 жылғы тамыз конференциясында бастауыш сынып мұғалімі Сәулежан Үәзірқызы Файзулинаның тәбесінен жай түскендей болды. Астанадағы №63 мектеп инклюзив білім беруге көшеді екен, соның ішінде нақты Сәулежан Үәзірқызының сыныбында мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын болды.

«Неге менің сыныбымда оқуы керек?» деп ойлап та үлгерді. Білім беру ісінің ардагері мұның қалай болатынын да елестете алмады. Қалайша бұлай болды?..

Сәулежан Үәзірқызы білім беру саласында 1977 жылдан бері жұмыс істейді. Құні бүгінге дейін көп дүниені бастан өткерген. Черненконың реформасын, Кеңес Одағының күйреуін, тәуелсіз Қазақстан тарихындағы үздіксіз реформаларды да көрді. Әлі күнге өзін кеңестік мұғалім санайтыны бар, ол кезді жылылықпен еске алады, өйткені кеңестік дәүірде ата-ана мұғалімді сыйлайтын, ал балалардың мұғалімге деген құрметі қандай еді?! Мұғалім деген ең мәртебелі мамандық еді. Ол кездің мектебі мен бүгінгі мектептің арасы жер мен көктей.

«Қазір біз қорғансызбыз, балаға артық сөз айтуда қорқасың», — дейді Сәуле Үәзірқызы. Ал артықшылық

пен кемшілік бұрын да болған, қазір де жетіп артылады. Бірақ бұрын бәрі жаймашуақ болатын, қазір мектептерде өзгерістен өзгеріс. Бұрын қағазбастылық аз еді, ал менімен кездесердің алдында мұғалім түнімен электронды журнал толтырыпты. Кеңестік кезеңде балаларға білім алу үшін дайын материал берілетін, қазіргі жаңа бағдарламаға сай, оқушыларды сынни ойлауға және мәселеңің шешімін өзі табуға баулу керек. Кеңестік кезеңде қоларбада отыратын балалар мектептің маңынан журмейтін, ал бүгінде оларды жалпы білім беретін бағдарлама бойынша оқыту керек.

2011 жылғы сол тамыз конференциясында Сәулежан Үәзірқызы инклюзив білім беру дегеннің не екенін сұрауга ұялып отырды. Бұрын-соңды естімеген сөзі екен. «Эксклюзив дегеннің не екенін білетінмін, ал инклюзив дегенді ешқашан естімеппін», — дейді. Гуглдан қарап, интернеттен оқығанда таңданысын жасыра алмады. Көңілінің түкпірінде білім беру саласындағы кезекті жаңалықтың оң нәтиже береріне күдік-күмәні болғанын жасырмайды. Бірақ, оқыту керек десе оқыту керек. Үстаз өмір бойы өзінің негізгі миссиясы балаларға білім беру

деп білетін. Мектепке келдіңдер ме? Оқығыларың келе ме? Онда оқыңдар.

Екеуі бір-біріне сай еді. Қайтпас қайсар оқушы мен талапшыл кеңестік мұғалім. Аружан болмысынан перфекционист, бірдеңені түсінбей қалса, көзінің жасы дайын тұрады, екі рет осындай жағдайдан кейін жүйкесі сыр беріп, психологтың көмегіне жүгінуге тұра келді. Ал Сәулежан Үәзірқызы талапшыл мұғалім, «5» деген бағаны тек үздіктерге ғана қою керек деп есептейді, аузын ашқанына «5» қоя бермейді.

Аружан «4» алып келгенде отбасы болып қуанатын. «Ал «5» алса, Нобель сыйлығын алғандай болатынбыз», — дейді алғашқы оқу жылдарын күле еске алған Ардақ. Қатал мұғалім ерекше қажеттілігі бар үш оқушыға жеке-жеке қарайтын. Сыныпқа үйге он есеп берсе, Аружанға жеті есеп беретін. Ал басқа жағынан бәріне қалай қараса, бұл балаларға да солай қарайтын. Жақсы баға алу немесе мақтау есту үшін тер төгүте тұра келетін.

Екінші сыныпта оқып жүргенінде Аружанның екі жастан асқан інісі «Өзін-өзі тану» оқулығының бір шетін жыртып қойып, отбасы үшін жаңа оқулықты табу

қиямет-қайымға айналды. Кітап сатылымда жоқ екен. Анасы жыртылған парақты жапсырып берді. Ал Аружан үйге жылап келіп, мұғалімнің айтқанын сөзбе-сөз жеткізді: «Кішкентай інім, сіңлім деген әңгімені айтушы болмаңдар! Кітапта сызылған із болмасын! Кітапты қол жетпейтін жерге, ең жоғарғы сөреге қоямыз! Бұл інген оқулықты оқу жылының аяғында қалай өткіземін?». Бір күні Ардаққа күйеуі телефон соқты: «Өзін-өзі тану ма? Екінші сынып?.. Алақай, таптым!». Бұл отбасында Аружан ғана емес, бәрі бірге оқығандай еді.

«Бөлкім мен тым қатал шығармын», — дейді Сәулежан Үәзірқызы.

Ал Аружанның отбасы алғашқы ұстаздан жолымыз болды деп есептейді, болашақ жеңістерге негіз қалаған ең үлкен табыс деп біледі: «Ұлымды бірінші сыныпқа алып барғанда Сәулежан Үәзірқызындағы мұғалім болса гой деп армандал кеттім. Ол кісі ұсақ-түйекке дейін ерекше мән беретін. Мәселен, оқу басталған күні-ақ ата-аналардың қолына бір-бір парақ қағаз ұстартты, онда бір жылға қалам, қарындаш, түрлі-түсті қағаз, ермексаз, тағы басқа заттардан қанша керек екені

рет-ретімен жазылған болатын. Ата-аналарға үнемі «сіз» деп сөйлейтін, ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін. Ал сабагына тіptен алаңдамайтын едік. Аружан қазірге дейін алғашқы ұстазын ұмытпайды. «Сөулежан Үәзірқызы бәрін сондай түсінікті етіп жеткізетін» деп отырады. Бастаудың сыныпта екпінді болғанымен, қазір оқу озаты. Мектепті бітіргеннен кейін қайда баратынымызды қазірден ойластырып жатырмыз», — дейді Ардақ.

Алғашқы толыққанды инклузив сынып ретінде Алматы мен Астанада жұмыс істей бастаған сыныптардың мұғалімдері нeden қорықты? Астанадағы №63 мектептің мұғалімі Сөулежан Үәзірқызы мен Алматыдағы №10 мектептің мұғалімі Зарина Кляшова ондай балалар бағдарламаға ілесе алмайды деп уайымдағандарын жасырмайды. Сонымен бірге басқа балалар мазақтай ма деп те қорыққан. Өйткені бала қатігез келеді. Алайда екеуі де текке қорыққандарын мойындайды, өзірге бірге оқыту тәжірибесі сөтсіз деп айта алмайды. Алматыда Зарина Кляшованаң аутизммен ауыратын алғашқы оқушысының диагнозын екінші сыныпта-ақ жоққа шығарған.

Бұгінде ол тыңтордың көмегінсіз оқиды. Бұл — бастаңаяқ мұғалімнің еңбегі.

Астанадағы жалпы білім беретін мектептің церебралды сал ауруына шалдыққан алғашқы оқушысы Аружан Базарбай бағдарламаға ілесіп қана қоймай, мұғалімі Сөулежан Үәзірқызының жетекшілігімен «Дәптердің екінші өмірі» деген тақырыпта жоба қорғап, қалалық ғылыми конференцияда екінші орын алған. Бүкіл сынып болып Аружанға өздерінің жазылыш біткен дәптерлерін жинап беріп, оны екінші қайтара өндеп, картон алуына жәрдем жасаған.

Ал балалардың қатігездігіне келсек, егер ол бола қалса да, ересектердің кінәсінен болады. Аружанға да сынныптағы Ернар деген бұзық бала маза бермейтін, ал кейін ол ең жақын досы әрі көмекшісі болып кетті. Төртінші сынныпты бітіргенше екеуі бір партада отырды. Жағымсыз жайттар көбіне мектепте емес, көшеде, аулада, ойын алаңқайында болады. Сөулежан Үәзірқызының қазіргі оқушысы Анатолий бір күні қатты жылап келді: ауладағы көрші балалар «үп-үлкен болып алып арбамен жүретін» баланы әбден мазақтапты. Толикті бүкіл сыннып болып

жұбатты. Ал олар небәрі 7-8 жаста ғана еді. «Инклузив мектептің балалары ешқашан мұндай қадамға бармайды. Олар гуманист болады», — дейді Сөулежан Үәзірқызы.

Дәлосында жағдайды ата-аналарға қатысты да айтуға болады. №63 мектептегі инклузив білім беруді үйлестіруші Ләzzат Тойшиева жыл сайын қыркүйек-қазан айларын дау-дамаймен өткізеді. Ата-аналардың арасынан шу шығаратын біреу міндетті түрде табылады. Бірі қозғала алмайтын бала сыныпта неге отырғанына наразылық білдірсе, тағы бірі мұндай жағдайда мұғалімнің қалай жұмыс істейтініне алаңдаушылық білдіреді. Басқа балаларға білім бере алмайды деп ойлайтындар да табылады.

— Барлық баланың білім алуға құқылы еkenін түсіндіруге тұра келеді, ерекше балалар басқа балаларға ешқандай қауіп төндірмейтінін айтып түсіндіреміз. Мұғалім ондай балаға көп уақытын арнап, басқаларға залал келтірмейді. Мұндай балалар үшін мектепте арнайы тьюторлар жұмыс істейді. Ал кейде қатты кететін кездерде болады, «Балаларды алалау, оқшаулау қатігездік емес пе?» дейміз. Содан кейін ата-аналар да түсіне бастайды, — дейді Ләzzат.

2013 жылы Аружанның ата-анасы Қытайға барып емделу үшін ақша жинаған, бірақ ұшаққа билет алуға үлгермей қалды. Аяқ астынан болған девальвация жиналған ақшаның құнын түсіріп жіберді. Мектептегілер Аружанның кететінін біледі, Ардақ алдын ала қызын үш аптаға сұрап алған. Енді бармайтын болғандарын айтқан кезде Сөулежан Үәзірқызы оның себебін сұрады.

Сол жолы Аружан Қытайға барды. Ақшаны бүкіл сынып болып жинады, әркім қолынан келгенше көмектесті. «Мен мұндайды күткен жоқ едім, тек сол кезде ғана бәріміздің бір кемеде еkenімізді түсіндім», — дейді Ардақ сол кездегі сезімін еске түсіріп.

Инклузив мектептер, балабақшалар мен колледждер біздің оқуга, өмірге, бір-бірімізге деген көзқарасымызды түбебейлі өзгертеді. Аружан арқылы мұғалімі жалпы білім беретін мектепте бәрі бірге оқуға болатынына және оқу керек еkenіне сенді. Бұл энтузиаст реформаторлардың фантазиясы емес. Сөулежан Үәзірқызының да бойы үйренген, 2011 жылы Аружан бірінші сыныпқа келгеннен бері қарай үнемі шеткі қатардың бірінші партасында есікке жақын орында қоларбадағы бала отырады. Ол



басқалардан кем де емес, артық та емес. Ол барлық баламен бірдей, тек айрықша қажеттілігі бар. Ал «кеңестік» төртіппен жүріп үйренген мұғалім барлық балаға бірдей талап қояды. Сөулежан апайдың «5» қоюы өте қын, мұндай қаталдық қазіргі либерал педагогика талаптарына сай емес десе де, мұғалімнің талабы өзгермейді. Бірақ Аружан ешқашан шағым айтқан емес. Алғашқы ұстазының табандылығы мен талапшылдығының арқасында сал ауруымен ауыратын Аружан қазір гимназия сыйнында оқиды, оның бағдарламасы да әлдеқайда күрделі. Ал Аружан оқу озаты.

— Мен тым қатал шығармын, өйткені Аружан бастауышта екпінді болатын, — дейді Сөулежан Үәзірқызы.

5-БӨЛІМ

Аты да, заты да – Алтын

Сенің атың ғана емес, затың да Алтын! — Көкшетаудағы №19 мектептің директоры Светлана Бекетқызы Алтын Жангазинаға осылай деген. Мектеп директорының қоластындағы қызметкерлерді бұлай мақтауы өте сирек кездеседі. Бірақ Алтын расында да алтын адам, оны қанша мақтаса да артық болмайды.

Алтын мектепке 2006 жылы, университетті бітіре салысымен психолог болып келді. Ал 2014 жылы мектеп жанынан ашылған инклузив білім берудің аймақтық ресурс орталығының үйлестірушісі болды. Бір қарасаңыз күні кеше ғана сияқты. Ал бірақ 2014 жылы Қазақстанда тіпті лайықты нормативтік-құқықтық база да болған жоқ. Мұндай жағдайда инклузив сынныптарды қалай құру керек? Қандай бағдарламамен оқыту керек? Қандай аттестат беру керек? Бұл сұрақтардың кейбірі күні бүгінге дейін жауапсыз. Өйткені қазақстандық мұғалімдер Білім және ғылым министрлігі бекіткен баршага ортақ бағдарламаға бағынады, өз беттерінше шешім қабылдай алмайды, ал мектептер бірыңғай үлгідегі аттестат береді. Ал дамыған елдерде мұғалімдер мейлінше еркін, әртүрлі диагнозы бар балалар басқалармен бірге оқи береді, ал

аттестат өтілген және игерілген бағдарламаға сай ғана беріледі. Ал біздің еліміздегі мектеп директорлары психикалық қабілеті тежелген балаға қандай диплом беру керектігіне өлі күнге дейін бас қатырады. Финляндияда мұндаидан баланың жұлдызышасы басқа балалармен салыстырғанда аздау болады. Білім алуға баршаға тең жағдай жасау деген бәрі тендей білім алыш шығады деген сөз емес, ештеңде де ешқашан бірдей болмайды. Құрделі сырқаты бар балаларға жоғарғы математиканың керегі жоқ (дегенмен бұл да екішты, экономика бойынша Нобель сыйлығының иегері Джон Форбс Нэш пен оның санасындағы төңкерісті еске түсірейікші), бірақ олардың қоғамға бейімделуі, өмірде қажет болатын кейбір қабілеттерді үйренуі және өзінің қабылдау шеңберінде мейлінше білім алуы аса маңызды.

Ереже, заң, әдістеме барлығы бір-бірімен үйлесім тауып, өмірде жүзеге асып жатса, ең ұлы идея сол болар еді. Көкшетаудағы №19 мектеп жаңындағы ресурс орталығы тыңнан түрен салды деуге болады: мектеп айрықша қажеттілігі бар балаларды қабылданап қана қоймай, оқу бағдарламасын дайындаумен және бейімдеумен

айналысады, аймақтағы бүкіл мұғалімдерді оқытады. Көкшетаудың бір қызындағы мектепке семинарлар, тренингтер, көшпелі практикалық сабактар, әдістемелік құрал мен сабак жоспарын жазу, заң жағынан кейбір түйткілерді реттеу үшін Ақмола облысының түкпір-түкпірінен келеді. Осы бір күрделі процесті бастан-аяқ бақылап, байланыстырып, ынталандырып, нәтижесін көрсеткен адам — инклузив білім беретін бірінші ресурс орталығының бірінші үйлестірушісі Алтын Еркінқызы Жангазина.

Ол әрбір айрықша балаға қатысты күнделік жүргізетін, олардың ата-анасын жатқа біletін, диагноздары мен отбасылық жағдайынан да хабардар болатын, тіпті алыс ауылдардан келіп оқитындардың мәліметтерін де жатқа біletін. Мәселен, Ереймантау ауданындағы ауылдардың бірінде бар болғаны бес бала оқиды, оның біреуі аутизммен ауырады. Баланың анасы күн сайын мектепке бірге барады, тыңтор қызметін атқарады. Ал Атбасар ауданында бір жігіт балалы әйелге үйленіп, баланың церебралды сал ауруымен ауыратынын бір жыл өткеннен кейін ғана біледі. «Ол баламен қалай жұмыс істейтінімізді білмедік, бұрын-соңды ауылымызда ондай бала болған



емес, мұндай жағдайға бірінші рет кез болдық», — дейді үш жұз шақырым жерден Қекшетауға семинарға келген мұғалім.

«Барлық бала бірдей емес, олардан бірдей нәтиже күтүге болмайды, әрқайсысъна жеке көзқарас қажет», — дегенді Алтын Еркінқызы үнемі қайталайтыны сонша, мұғалімдер үшін ол қанатты сөз іспетті еді.

Қазір Қекшетаудағы №19 мектепте көдімгі сыныптардан бөлек тоғыз коррекциялық сынып пен он инклюзив сынып бар, онда мектепке биыл ғана қелген төрт балақай мен жоғары сыныптарда оқитын алпыс бала бар. Оқыту принципіне келсек, алдымен айрықша қажеттілігі бар балаларды коррекциялық сыныпқа қабылдайды да, кейін біртіндеп жәй сыныпқа ауыстырады.

«Мектептегі атмосфера өте маңызды, осының бәріне қол жеткізу оңайға соққан жоқ. Қазір бұрынғыдай бір-бірін итермейді, мазактамайды, әне, сал ауруымен ауыратын бала кетіп бара жатыр, оған барлығы көмектеседі. Ол бала да басқалармен тең құқылы, сахнада өнер көрсетеді, бәрі оған көмектеседі. Балалар, ата-аналар мен мұғалімдер арасында осындай қарым-қатынасқа

қол жеткізу – бірінші міндегі. Екіншісі – мұғалімдерге кәсіби білім беру. Ресурс орталығы осында мақсатпен құрылды. Бірақ, бұл балалар мектепті бітіргеннен кейін не істейді? Өткінішке қарай, қазір олар колледжге бара алмайды, онда жағдай жасалмаған. Балаларды әрі қарай іліп әкетпейді, ең үлкен мәселе осы», — дейді мектеп директоры Светлана Бекетқызы Ахметжанова.

Женя Барановский жәй мектепте оқып, 3-сыныпта келген. Табиғи интеллектісі өте жоғары болғанына қарамастан, бала мұлдем дайындықсыз келген екен. Интеллектісі жоғары екенін Алтын Еркінқызы мұғалімдермен әңгіме барысында қайталай берді. Баланың көзі нашар көреді, ал алдыңғы мектебінде ең соңғы партада отырған, мұғалімдерінің айтуынша, бала ол жерде «жиһаз сияқты» болған, «ештеңе көрмеймін, ештеңе естімеймін, ештеңе түсінбеймін» деген көзқарас қалыптасқан. №19 мектепте Женя үшін әдейі дәптердің жарты бетіне үлкен қаріптермен жазатын болды, сол кезде баланың интеллектісі ашылып сала берді: математикаға бейім екенін көрсетті, өлең жаза бастады әрі бір көргенін жаттап алатын қабілеті бар екенін байқатты. 9-сыныпты «4» пен

«5»-ке бітірген Женя Алматыдағы көзі нашар көретін балаларға арналған интернатқа кеткен, алайда көп ұзамай қайтып оралды. «Ол жақта білім бермейді, ешқандай да білім жоқ», — деді ата-анасына. Сөйтіп кешкі мектепке барды да, одан кейін IT курсын бітірді.

Кейбір жайттарды есепке алмаса, Женяны да жолы болған бала деуге болады, ал оның табысты болуы бірінші кезекте ата-анасы мен №19 мектептің мұғалімдеріне байланысты. №19 мектепті бітірген «айрықша» балалардың көшілігі оқуын жалғастыра алмайды, Қазақстан үшін үлкен қалыпты жағдай. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға үздіксіз білім беру жағы қарастырылмаған, кей жерде балабақша, енді бір жерде мектеп, тағы бірінде колледж жоқ, ал кей жерлерде бұлардың үшеуі де жоқ. Бір жерде пандус, екіншісінде лифт жоқ, тағы бірінде бағдарлама жоқ болса, көшілігіне жай ғана ниет жетпейді. Бізде primery school, яғни міндегі мектепке дейінгі білім берумен «айрықша» балаларды айтпағанда, сау балалардың өзін толық қамту мүмкін болмай отырғаны отандық білім берудің осал тұсы. Үлкен мәселені қанша айғайларатқанмен Сағадиевтің реформасы да шеше

алмай отыр. Мемлекет 6-7 жасқа дейін балаларды оқыту жауапкершілігін толықтай ата-ананың мойнына артып қойған. Қаласа баланы мектепке дейінгі білім беретін балабақшаға береді, бергісі келмесе де өзі біледі. Кейде ниет болса да орын болмайды, екі мыңыншы жылдардағы беби-бум балабақша жетіспеушілігін тудырып отыр. Осы кітапты дайындау барысында қайда барсам да, кіммен сөйлесsem де, мүмкіндігі шектеулі балалардың мектептер мен интернаттарға дайындықсыз келетінін, уақытты өткізіп алғандықтан мұндайда әлденені түзету қыын еkenін айтты.

— Элиюша, тездетіп төлқұжатыңды дайында, Сорос қоры сені Ұлыбританияға семинарға жібермекші! — Светлана Бекетқызы арасында телефонға да жауап беріп үлгеріп жатыр.

Әлия деген — инклузив сыныптың мұғалімі, төлқұжаты жоқ еken, оқуға бару үшін үш күnnің ішінде дайындауды талап етіп жатыр. Көкшетаудың бір қырындағы мектеп мұғалімдерінің шетелге оқуға бара жатқаны бірінші рет емес. Бірақ ешқашан олардың шығынын мемлекет көтерген емес, тек қана шетелдік үйымдардың

арқасында, соның ішінде көбінесе «Сорос-Қазақстан» қорының қолдауымен барады. Алтын Еркінқызы бір кездері Сербияға барып келген. Светлана Бекетқызы Финляндияның тәжірибесімен танысып қайтқан, содан бері осы елдің озық тәжірибесін үнемі мысалға келтіреді. Мұнысын мұғалімдер өзілге де айналдырады. «Ал Финляндияда...» деп бастаса, ол тағы бір өзгерістің бастауы деген сөз деп өзілге айналдырады. «Светлана Бекетқызы, Финляндия қайда, біз қайда?» — дейді кейде мұғалімдер. «Қаласақ бәріне қол жеткіземіз», — дейді мұндайда директор.

Финляндиядағы қарапайым ғана орта мектептегі жағдай Светлана Бекетқызын қатты таңғалдырыды. Оқушыларға айрықша көзқарас та, оқыту жүйесі де, интеграция мен сыныптардың жарақтандырылуы да, тіпті дәретханаға дейін қайран қалдырыды. Светлана Бекетқызы мүмкіндігі шектеулі үш бала оқытын сыныптың математика сабагына қатысты, олардың біреуі қоларбада отырады еken, ол баланың мұғалімге көмектесетін тынторы болды. Мұғалім «метр» дегеннің не еkenін түсін-діргенде балалар бүкіл ғимараттан ұзындығы бір метр

болатын зат ізден кетті. Елге оралғаннан кейін осындай ерекше тәсілдерді пайдалануды мұғалімдерден талап ете бастады. Ал Білім министрлігінен «тыюторларды», яғни инклузивті білім беретін сыныптағы мұғалімге көмектесін менторлар мен тәлімгерлер бөлүін табанды талап еткенмен, әзірге нәтиже жоқ. Үәде беруін береді, бірақ қаражат жоқ деген желеумен тыютор бөлмейді.

Мен барған күні мектепте мұғалімдерге арналған облыстық семинар өтіп жатты. Мұғалімдермен бірге мен де коррекциялық 1 «Д» және 2 «Е» сыныптарындағы ашық сабакта қатыстым. Инклузив білім беру жүйесінде жұмыс істеудің қаншалықты қыын екенін бірінші сабакта-ақ мойындауға тура келді, аутизммен сырқат бала мұғалімге бағынбай кетті. Себепсізден- себепсіз көңіл-күйі түсіп кетті де, қатты ашушаң болып кетті. Тыныштандырмақ болған мұғалімнің өзін тебе бастады. Осы мәселе жөнінде сұрағанымда директор сасқан жоқ, балалардың жағдайы әртүрлі болғандықтан түрлі жағдай бола беретінін айтты. Ермек сияқты оқушыларға қолды бір сілтеп, «оқи алмайды» деген қорытынды шығарып, өмір бойына ештеңеге бейімделмеген мүгедек етіп

қалдыра салудан оңайы жоқ; ал сәл шыдамды болып, жаңа деңгейге көтеруге тырысса, бала көдімгі сынypқа көшіп, білім алады, толыққанды өмір сүреді. Ермектің психикалық дамуы тежелген, есесіне, директордың айтуынша, ол пазл жинағанды және динозаврармен ойнағанды жақсы көреді. Ал мұны пайдалана білу керек.

1 «Д» сыныбының ашық сабакында мұғалімнің қыын баланың көңіл-күйін қалыпқа келтіруге бар жантәнімен тырысқанын көріп отырып осының барлығы бос әүрешілік екенін, нәтижеге жету мүмкін емес екенін ойладап үлгердім. Алайда бұл мектеп 2014 жылдан бері қарай әртүрлі дәрежеде сырқат ондаған оқушыны оқытып шығарған. Женя Бараповский оқытын сыныпта бір баланың психикалық дамуы тежелген болса, тағы бір қызы Кристофер Ноланның Momento фильміндегідей күн сайын сабакта жады андан жаңа тугандай болып келетін.

№19 мектеп оқушыларының алпыс пайызы коррекциялық сыныптан инклузив сыныпқа өтеді, оқытудың ең басты мақсаты да осы. «Егер бала коррекциялық сыныпқа келіп, мектепті сол сыныпта бітірсе, біз қолдан

келгеннің бәрін жасадық, бірақ ол жеткіліксіз болды деген сөз», — дейтін Алтын Еркінқызы.

Көп нәрсе заң мен ережеге де емес, жеке адамдарға да байланысты. Ресурс орталығының төрт жыл ішінде айррықша балаларды жалпы білім беретін мектепке беру ісінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуі де көп жағдайда Алтын Еркінқызына байланысты. Аты да, заты да Алтын мұғалім мұғалімдердің облыстық және республикалық конкурстарының лауреаты. Алпыс пайыз деген – сайлауда талассыз жеңіске жеткендей көрсеткіш. Бұл көрсеткіштің артында нақты адамдар тұр, атап айтсақ қалыпты өмір сүру мүмкіндігі сөл де болса артқан балалар тұр. Енді мектеп алдына жаңа мақсат қойып отыр — балаларды 9-сыныпқа дейін жеткізіп, өрі қарай коледждерге орналастырмақ. Бірақ бұл мақсатқа енді №19 мектеп ұжымы Алтынсыз қол жеткізуі керек.

2016 жылғы 28 қараша күні директордың кабинетінің есігі қағылып, жаманат хабар жетті. Алтын Жангазина Астанадан Көкшетауга келе жатқан жолда рульге ие бола алмай, қаза тауыпты. Содан бір ай бұрын ғана Алтын тағы да жол апатына түскен: кезекті педагогикалық

конференциядан кештетіп қайтқан Алтын Қарағанды-Көкшетау бағытындағы автобусқа отырған, автобус аударылып, Алтын қолын сындырып алып, ауруханаға түскен.

— Тұнде неге маршрутқаға отырдың, пойызды күтпедің бе?! — деген әріптеріне:

— Балаларға асықтым, — деп жауап берген.

Алтынның екі баласы бар, олар да анасы жұмыс істейтін мектепте оқиды. Үлкені төртінші сынныпта, кішісі — екіншіде. 27 қараша күні де Алтын балаларына асықкан, гипстелген қолымен тұнделетіп жолға шыққан. Рульге ие бола алмай, ақыры мерзімінен бұрын үзіліп кете барды.

6-БӨЛІМ

Мустопуло, Хокинг және олардың әлемі

Таразда өмірімде бір рет қана болдым. Қалаға жогарыдан қарасаң, сұп-сұр болып көрінеді. Қазақстандағы кез келген кішігірім қалаға үшақпен барсаңыз, ең алдымен кеңестік кезеңде шифермен жабылған шатырлар көзге түседі. Ең арзан құрылыш материалы болғандықтан кеңінен қолданылған, уақыт өте келе шүрк-тесік болатыны өз алдына, жаңбыр мен қардан да кірдің ізі қалады. Осы шатырлардың ар жағынан жұлдыздарды көру үшін ерекше жаратылу керек.

Исаак соны көре алады. Көз алмай қарайды да, ғаламның жұмбағын түсінуге және шешүге тырысады. Ол расында да ерекше бала, ал оны қоларбаға таңып қойған «балалардың церебралды сал ауруы» деген диагноз маңызды емес.

Исаак көп ойланады. Сыртқы әлемінде кейбір жағдайларға орай шектеулер болуы мүмкін, ал ішкі әлемге ешқандай шектеу жоқ, ол ғарыш секілді шексіз бола алады. Мінез-бітімің ерекше болса, әрине. Ал Таразда мінезді болу мүмкіндігі шектеулі балаға ғана емес, дені сау ересек адамға да аса қажет. Бұл қаланың сыры маған жақсы мәлім.

Исаак Мустопулоның ғаламмен өуестенуі 12 жастан басталды. Оған дейін тарихты жақсы көретін. Ұлты грек тараздық бала Ежелгі Грекияның барлық кейіпкері мен Құдайын жатқа біледі, бірде жылдың ең ақылды баласын анықтайтын республикалық конкурста «Қай Құдайдың дельфин, көгершін және қой түріндегі үш белгісі бар?» деген сұрақтың жауабы жоқ екенін айтып, ұйымдастыруышыларға ескерту жасаған. Өйткені грек мифологиясында ондай кейіпкер жоқ екен. Исаак қазір 15 жаста, оның ойлау қабілеті ерекше, ересек адамдардың өзін тығырыққа тірептін сәті көп. Екінші Пуни соғысы, Үлкен жарылыс теориясы немесе қара тесіктер жөнінде Исаакпен әңгімелеспес бұрын жақсылап ойланып алғаныңыз жөн, ол үстіртін дүниені қабылдай алмайды, сондықтан елеусіз қателік жібере қалғанның өзінде де оны түзеп, ескерту жасайды. «Профессор Хокингтің барлық теориясы бақылау және есептеу арқылы нақтыланған, мен теорияға дау айта алғаныммен, фактіге қарсы шыға алмаймын». Журналистің «Біртуар ғалымның қай теориясына дау айта алар едің?» деген сұрағына берген жауабы.

Исаак Мустопулоның Әлемі Стивен Хокингтің Әлемінен басталды. Нақты есінде жоқ, бірақ кезекті Олимпиадада жеңіске жеткеннен кейін өпкесі кішкентай інісіне таңдаған кітабын алып беруге уәде беріп, кітап дүкеніне алып барған. Қоларбасымен кітап сөрелерінің ара-арасымен әрлі-берлі ұзақ жүрген Исаак бір мезет қолына алған кітабына ішіне кіріп кетердей үзіле түсті. Әбден қарап, біраз парақтағаннан кейін сол кітапты алып беруді өтінді.

Таңдаған кітабы Кембридж университеті ғалымының биографиясы еді, оны бүкіл әлем білетін және аузын ашып тыңдайтын. Исаак кітапты бір деммен оқып тастанды. Содан кейін «Уақыттың қысқаша тарихын» да бір деммен оқып шықты.

Ежелгі мифология құдайлары туралы кітаптар біртіндеп сөреден ығысып, баланың ғарыш әлеміне орын берді.

Бүгінде Исаак Мустопулоны Қазақстанда бәрі таниды. 2017 жылдың қазан айында Исаактың кумирі Стивен Хокингпен кездесу үшін Лондонға үшқанымызда өуежайда, тіпті ұшақтың ішінде де бейтаныс

адамдар «Бұл өлгі бала ма?» деп сұрап, онымен суретке түсіп жатты.

Иә, өлгі баланың дәл өзі! Тараздық жас зерттеуші, «Гармония теориясы» кітабының авторы, ғылыми-практикалық олимпиадалардың жеңімпазы.

Қазір Исаактың бүкіл ғылыми тақырыбы ғарыш әлемімен және энергиямен байланысты. Бір олимпиададан келесісінде дейінгі аралықта ол бүкіл адамзаттың және өзінің туған қаласының энергетикалық мәселелерінің шешімін тауып қояды. Олардың кейбірі қазірдің өзінде қолданысқа енген, атап айтқанда, қоқыстан энергия алу деген қазір елімізде кеңінен қолданылады.

Лондонның кептелісінде тұрғанда ол өзінің біраздан ойға алған идеясын қызыға әңгімелеп берді. Исаак antimaterиядан энергия алушы көздейді, өзірге бұл фантастика секілді. Материя мен antimaterия бір-бірімен қақтығысқан уақытта бір-біріне мүмкіндік қалдыrmайды. Ал егер бірдеңе ойлап тауып, олардың стихиясын ауыздықтайтын болса, мүлдем басқа әлемге аяқ басуға болады. Исаактың құпия арманы да осы басқа әлемге аяқ басу болса керек. «Мүмкін басқа әлемге жол тарту үшін

қара тесіктеп арқылы өтуге тұра келетін шығар». — Исаак терең ойға батып, терезеге қарап қалыпты. Ар жақтан ағылшынның ұқыпты егістігі көріне бастады.

Лондоннан Кембриджге келе жатырмыз. Профессормен кездесу сағат 14.30-ға жоспарланған. Белгілі бір дәрежеде осының өзі басқа әлемге аяқ басу еді, Қазақстанның бір ауылынан мүлдем басқа әлемге аяқ басу. Ал оған барар жол қара тесік емес, инновация конкурсы болды. Осы конкурста «Гармония теориясы» үшін арнайы сыйлық алғып, артынан сол кездегі инновация министрімен кездескен Исаак көптен бергі арманы суперқаһарман Стивен Хокингпен кездесу екенін айтты. Қоларбада отырған білімді баланың сөзі ересектерге ерекше әсер етті. Осы кезде тағдыры өзгеріп сала берді. Министр Исаак туралы Air Astana әуе компаниясының президенті Питер Фостерге айтады, Постер профессордың әкімшілігіне хат жолдайды, ал кейіннен барып-келу шығынын көтереді. Британ Кеңесі өрі қарай іліп әкетіп, кездесуді үйымдастыруды өз мойнына алады. Айрықша баланың арманын орындау үшін шенеуніктер, бизнесмендер, дипломаттар... өте көп адам әрекет етті. Біз, ересектер,

егер бірдеңені шынымен істейміз десек, көп дүние қолымыздан келеді...

Міне, межелі жерге де жеттік. Кембридж, Математика және теориялық физика факультеті. Профессор Хокингтің қызмет кабинеті орталық корпустың екінші қабатында екен, хайтек дәүіріндегі қытай ғибадатханасына ұқсатып салынған ғимаратқа келдік.

Есікте жәйғана «B1. 07 Professor S.W. Hawking» деп жазылыпты. Шағынғана кабинеттің терезелері де тым үлкен екен, олардың бірінен бақтың бір бөлігі мен аспан көрініп тұрды. Біз барған күні ағылшынның аспаны әдеттегідей тұманды әрі бұлтты болды.

Профессор бізді жұмыс үстелінің басында күтіп отыр екен. Тура суреттен көргендей. Кресло, қызылкүрең түсті жұмсақ жемпір, ақ жейде, бір жағына қарай ұқыптаң қайтарылған шаш, басы сәлғана оңға қисайған, көзәйнектің ар жағынан бізге мүқият қараған жанарды көрдік.

Олар бір жарым сағат өңгімелесті. Тараздан шыққан кішкентай бала мен әлемге әйгілі ғалым. Бірі ендіғана сапарға шыққан жолаушы да, екіншісі талқаны таусылуға таяған тұлға. Ұзақ, қын да күрделі жол күтіп тұрған

Исаак Хокингке ұнап қалды. Өмірінің соңғы жылдарында денсаулығына байланысты адамдармен әрі кеткенде 30-40 минут қана сөйлеседі екен. Ал бұл жолы екі әңгімеші тоқтай алмады. Исаак профессордан қара тесіктер мен сәулелену туралы сұрады, бала құнгі арманы мен сүйікті кітаптарын білгісі келді. Профессор Қазақстан туралы және болашақ жоспары туралы айтып беруін өтінді. Қоштасатын уақыт жақындағы, Хокингтің көмекшілері алаңдай бастады, ал бұл кезде профессор ақылды машинаға кезекті сұрағын қойып отырды.

«Мен саған өз кітаптарымның ішінен «Жаңғақ қабығындағы әлемді» оқуға кеңес беремін, ал «Кеңістік пен уақыттың ірі қөлемді құрылымын» мүлдем оқымай-ақ қой, оны оқу мүмкін емес», — деді профессор.

Профессордың оң жақ беті ақырын жыбырлағандай болды, машина быжылдан кетті де, компьютерде әріпттер пайда болды, одан сөз, сөзден сөйлем құралды, сосын бірсарынды дауыс ғалымның ойын жеткізді.

Ғаламды танып-білуге ешқандай кедергі жоқ. Менің қарсы алдында отырған бірі көрі, бірі жас екен адамды адам етін бұлшықеттері емес, ақыл-оыйы, ерік-жігері мен

үлкен жүргегі екенін дөлелдегендей болды. Жер бетіндегі миллиондаған тірі жанның ішінен бізді ерекшелейтін жалғыз ғана дүние осы ақыл-ой екенін мойындаатты.

— Бұл бала айрықша дарынды балалар оқитын мектепте ерекше білімді мұғалімдерден дәріс алатын болар? — деп сұрады менен профессор Хокингтің көмекшісі Антея. Бұл кезде Исаак соңғы сұрағын қойып жатқан.

Жоқ, олай емес. Менің білуімше Исаак үйден оқиды, өйткені Тараздың мектептерінде айрықша қажеттілігі бар балаларға ешқандай жағдай жасалмаған. Пандусы, айқара ашылатын есігі, жеке дәретханасы, арнайы партасы мен басқа да қажет заттары болмаса, мүгедектер арбасымен алысқа бара алмайсың. Исаак тек ағылшын тілін оқу үшін ғана өзі баратын, бірақ биыл оқытушысы лифтісі жоқ ғимараттың үшінші қабатына көшті де, Исаак оған баруды догарды. Фылыми конференциялар мен олимпиадалардың салтанатты марапаттау сәтінде мұндай қолайсыздықтардың бірде-бірі байқалмайды. Тараздан шыққан айрықша баланың табысы мен жеңісі бірінші кезекте оның ата-анасының арқасында және өзінің ерік-жігерінің мықтылығынан болды десек қателеспейміз.

Басқа тараптан ешқандай қолдау болған емес. Анасы туганнан бастап-ақ Исаактың дамуына назар аударды, ешқандай күтуші жалдамай-ақ, ешқандай балабақшаға апармай-ақ, өзі оқуды, жазуды, санауды үйретті. Бірінші сыныптан бастап күні бүгінге дейін үйге келіп оқытатын мұғалімдерге атасы өз қалтасынан ақша төлейді, үйден оқыту деген аты ғана, жекеменшік репетиторларды жалдамаса ешқандай нәтиже болмайды.

— Жоға, оған қарапайым мектептің мұғалімдері сабак береді, — дедім Антеяға, арғы жағын айтпадым, әрине.

Таразда асқақ арманға қол жеткізу оңай емес. Исаактың қолынан келді, ал енді соны қайталайтын адам табыла ма?

Профессор Хокингпен қоштасып, факультеттің холына шыққанда шуылды естідік: физиктер мен математиктер оқу жылының басталуын атап өтіп жатыр екен. Кембридждің ежелден келе жатқан дәстүрі бойынша шарап ішіліп жатты: *in vino veritas*. Ақыл-ойы ерекше жандарға қарап тұрып болашақта олардың қатарына біздің Исаак та қосылсын деп тілек тіледік. Арманымыз орындалсын деген ниетпен дәліздегі ыдысқа тиын тастандық.



«Аяғыңың астына емес, жүлдүздарға қара, білімге ұмтыл». — Стивен Хокинг жас досы әрі өзінің ісін жалғастырушыға осылай деп бата берді, өзінің сүйікті ұраны жазылған кішкентай магнитті сыйға тартты.

«Өз еліңізде ғылымды жандандырыңыз және қолдаңыз». Супер компьютердің бәрімізге арнап айтқан соңғы сөзі осы болды. Жасанды дауыс оны бір секунд кешігіп қайталады.

Осы кездесуден кейін бес ай өткенде, 2018 жылдың 14 наурызында ұлы ғалым әрі арманшыл Стивен Хокинг бізді тастап, өзінің жүлдүздарына мәңгігে үшіп кетті.

— Әлем тепе-теңдіктен тұрады: сұлулық бар жерде кемдік те бар; денсаулық бар жерде ауруға да орын табылады; кірер есік болса, бір жерде міндетті түрде шығатын есік те бар деген сөз. Жаратушының заңы осылай. Бұл дүниеде кемел ештеңе жоқ.

Қоштасар сәтте Исаак Мустопуло маган осылай деді. Тараздан шыққан кішкентай ғана атақты адамның шын мәнінде қандай қындық көріп жүргенін біздің көбіміз білмек түгілі сезбейміз де.

Біз... Бәріміз...

1994 жылы «Оскар» алған «Форрест Гамп» деген өйгілі фильм естеріңізде ме? Ақыл-есі кем кейіпкер Том Хэнкстің интеллекті 75 балды көрсетеді, бұл мектепте оқуга жеткіліксіз болады. Сонда баласын мектепке қабылдату үшін анасы өз үйінде мектеп директорына беріледі. Ақырында «орман ақымағы», яғни Форрест Гамп мектепті бітіріп, университетке түсіп, өйгілі спортсмен және соғыс қаһарманы болады, байып, енді өзінің ұлын оқуга жібереді. Анасының көзсіз ұмтылысы болмаса, мұның бірі де болмас еді. Бұл ойдан шығарылған оқиға емес, оның кинода емес, өмірде болуы әбден мүмкін, бәлкім сөл басқаша түрде, бірақ міндетті түрде кездеседі. АҚШ-та мүгедек немесе интеллектісі 80 балға жетпейтін балалар өткен ғасырдың сексенінші жылдарына дейін мектепке қабылданбайтын. Білім алу деген дені сай және ауқатты адамдардың үлесіндегі артықшылық іспетті болатын, сондай адамдар жеке ұйымдарға ақша төлейтін, ал олар маман тартатын. 1975 жылы президент Форд заң қабылдап, интеллект деңгейі мен диагнозына қарамастан, барлық балаға білім беруді талап етті. Әрине, бұл қаранөсілділерді кемсітуді

тоқтату немесе әйелдерге дауыс беру құқығын қайтару секілді ақызға айналған жеңіс емес еді, өйткені мүмкіндігі шектеулі адамдар құқықтарын табандап талап ете алмайтын. Соған қарамастан олардың да білім алуына жағдай жасалуы қоғамның дамуына елеулі әсер етті деуге болады. Ендігі жерде мектептер мүгедек балаларды да қабылдауға мәжбүр болды, бейшара әйелдер ұл-қыздарының болашағы үшін адам айтса нанғысыз құрбандыққа бармайтын болды.

Бұл жағынан кеңестік жүйе мейлінше гуманистік бағытта болған секілді: «ерекше» балаларды біржола тізімнен сзызып тастанмай, арнайы интернаттарға орналастырып, қарапайым оқу мен жазуды үйрететін еді. Ал екінші жағынан ол безбүйрек бюрократиялық машинаның қуатын көрсететін: «кемтар» балаға бір рет осылай ен тағылса болды, оның ешқандай мүмкіндігі болмайтын. Бұл кемтар жүйе болатын, ол адамның артықшылығына мән бермейтін, керісінше, кемшілігін іздейтін. Бұл жүйенің де кеңестік кездегі балалар үйі мен түзеву колониялары секілді жаны сірі болып шықты. Ал бүгінгі күні Қазақстан балаларға қатысты барлық

прогрессивті заңдарды қабылдады. Бала құқығы жөніндегі конвенция, ЮНИСЕФ-тің баршаға бірдей білім беру жөніндегі конвенциясы, Мүмкіндігі шектеулі жандардың инклузив негізде білім алу құқығы туралы БҰҰ конвенциясы және еліміздің Конституциясы (30-бап). Бұлардың қай-қайсысы да барлық баланың білім алуда тең құқылы екеніне кепілдік береді. Ал іс жүзінде қазақстандық білім беру жүйесі үлгілі болуга ұмтылады: пирамиданың үшар басында ең ақылды балаларға арналған Назарбаев зияткерлік мектептері мен байларға арналған «хейли-берилер» түрады, ал жолы болмаған кемтар балалардың интернаттары қашанда елеусіз. Саңырауларға арналған интернат, зағиптарға арналған интернат, ақыл-есі кемдерге арналған интернат, қын балаларға арналған интернат, мүгедектерге арналған интернат... Оқу орындарының атауының өзінде бөліну байқалады: «талантты да дарынды» балалар болса, ол міндетті түрде мектеп, лицей, гимназия болады да, қандай да бір кемдігі барлардікі міндетті түрде арнайы интернат болады. Бәрін есептеп, бөліп, сұрыптаپ, орын-орнына қойып қойған. Әркім өз орнын біледі.

Ресми дерек бойынша, Қазақстанда айрықша қажеттілігі бар 144 783 бала бар, оларды балабақшалардың он пайызы мен мектептердің қырық пайызы ғана қабылдай алады. Тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, осы деректердің өзі де шынайы жағдайға мүлдем сәйкес келмейді. ЮНИСЕФ-тің бағалауы бойынша Қазақстанда ондаған, бәлкім жүздеген мың баланың мектепте немесе үйінде оқуға мүмкіндігі жоқ. Дамуында тежелу бар көптеген балалар тіпті еш жерде тіркелмеген де.

Заңға қатысты қындық көп, соның ішінде қалай болуы керектігі мен шын мәнінде қалай екенінің арасы жер мен көктей. Америкада мүмкіндігі шектеулі балалар туралы заң қабылданатын болса, оны бірден орындауға кіріседі. Әйтпесе кемсітуге жол бергені үшін миллиондан өтемақы төлеуі де мүмкін. Ал біз алғашқы халықаралық конвенцияға 1994 жылы қол қойғанбыз. Одан бері ширек гасырга жуық уақыт өтсе де, мүмкіндігі шектеулі балалардың басқалармен тең дәрежеде бір партада отыруға өлі де мүмкіндігі аз. «Тым кеш назар аударады, мамандарға да тым кеш барады, диагноз тым кеш қойылады, емдеуді де тым кеш бастайды, оқытуды да тым кеш бастайды»... —

Кембридж университетінің балалар мәселесі жөніндегі зерттеушісі, ғылым докторы Анерль Құлахметова маған берген сұхбатында біздің елдегі инклузив білім берудің мәселелеріне қатысты осылай деді. 2018 жылдың наурыз айында Анерль Қарағандыдағы инклузив мектепке барып, фокус-топпен жұмыс жүргізген. Коррекциялық сыныптардың өзіне қарсы адам ата-аналармен сөйлескеннен кейін көзқарасы өзгергенін айтады. Ата-ана үшін баланың мектепке баруының өзі ғана үлкен жеңіс. Қазір қаржылық қындықтарға байланысты коррекциялық 5-сынып жабылудың алдында түр екен. Егер ол жабылып тынатын болса, оқушылар оқуды орта жолдан тоқтатып, қайтадан үйлерінде қамалып отыруға мәжбүр болады.

Онсыз да балаларды сыйғыза алмайтын қазақстандық мектептер техникалық жағынан да, моральдық түрғыда да айрықша қажеттілігі бар балаларды қабылдауға дайын емес. Онсыз да шаруасына бастан асатын мұғалімдер ондай балаларға жеке қарай алмайды, ал арнайы оқытылған тәлімгерлер мен тьюторлар Астана мен Алматының инклузив мектептерінде ғана бар. Сондықтан да аймақтарда инклузив білім берудің ең озық

улгісі әртүрлі сыныпта болса да, бір мектепте оқу болып саналады. Заманауи талаптарға жауап беру үшін облыс орталықтарының ең болмаса бір мектепті айрықша бала-ларды қабылдауға дайындайды, бірақ ол балалар арнайы сыныптарда, басқа балалардан бөлек оқиды.

Бүкіл есеп-қисапта «инклузив» деп көрсетіліп жүрген Оралдағы мектепке барып, дамуында ерекшелігі бар бала оқитын кез келген сыныпқа кіріп, сабағына қатысуға рұқсат сұрадым. Мектеп директоры екеуміз бір-бірімізді біразға дейін түсіне алмадық. Тек сол кезде ғана ондай сыныптың жоқ екенін, сондықтан ондай сабаққа қатыса алмайтынымды түсіндім.

— Сіздер инклузив мектепсіздер ме? – деймін мен.

— Иә, инклузив мектеппіз, – дейді директор, мұны дәлелдеу үшін оқу ісінің меңгерушісін де шақырды.

— Онда маған сондай айрықша балалар басқалармен бірге оқитын сыныпқа кіруге рұқсат берсеңіз...

— Бәрімен бірге болғаны қалай? – директор мені өлі де түсіне алмады. — Бізде психикалық дамуы тежелген балаларға арналған сыныптар бар.

— Олар бөлек сыныптарда оқи ма?

— Әрине, олар жалпы бағдарламаға ілесе алмайды гой, олар үшін бұл тым қын, – деп директор абыржып қалды. Жүзіне қарасаң мейірімді адам сияқты, бәлкім көсіби маман да шығар.

Соғыстан кейінгі қын кезеңде жалынды революционерлер Дзержинский мен Луначарский құрган жүйені өзгертіп, сенді бұзы үшін көсіби маман болу жеткіліксіз, ол үшін ұлы гуманист те болу керек. Осы кітапты дайындау барысында еліміздің түкпір-түкпіріндегі әртүрлі адамдармен кездесіп, сөйлескен адам ретінде инклузив білім беру саласында қол жеткізген жетістіктеріміз үшін жекелеген адамдарға қарыздармыз деп толық сеніммен айта аламын. Мемлекеттің бұл реттегі үлесі елеусіз ғана, мойнына ауыр жауапкершілік артып, жаңа кеңістік қалыптастырып, балалардың болашағын өзгертуken де осы жекелеген адамдар. Әлемдегі ешқандай мектеп адамның өмірдегі жолының ашық боларына кепілдік бере алмайды, бірақ осы кітап кейіпкерлерінің мүмкіндігі сөл де болса арта түскенін мойындау керек. Оқуға баруының өзі олардың үмітін оята түседі.

Исатайдың окушысы Есен биыл колледжді бітіреді.

Міндettі түрде бизнеспен және техникамен байланысты жұмыс істеймін деп отыр. Ата-анасы Есеннің Құлсарыға қайтқанын қалайды, ал Есеннің өзі Атырауда қалуды армандаиды. Есеннің жақын уақытқа құрган бір гана жоспары айқын: бір жылдан кейін жақсы көретін қызы 18 жасқа толады, сонда екеуі шаңырақ көтереді. Бұл мәселені екеуара баяғыда, интернаттағы би үйрмесіне барып жүрген бала күндерінде шешіп қойған.

Сәулежан Үәзірқызының оқушысы Аружан Базарбай да көптеген қыздар секілді болашақта актриса болуды армандаиды. Ал анасы әлеуметтік қызметкер немесе кеңесші болса деп ойлады. Бірде халыққа қызмет көрсету орталығындағы сапырылысқан жұртқа кеңес беріп тұрған қоларбадағы қызға назар аударған, сауатты бойжеткен қарап тұрып өз қызының болашағы туралы армандал үлгерген.

Нұрадин, Нұрикош қазір бар болғаны 8 жаста, ал анасы оның болашағы жөніндегі армандал, жоспар да құрып қойған: Нұрикош фотограф немесе мерекелік кештерді жүргізуші болады, оның дәл осы іске икемі бар.

Исаак Мустопуло Кембридж университетіне түсіп, астрофизик ғалым болуды армандаиды.

*Ал армандар орындалады!
Адам істегенді адам істейді.*



БАРЛЫҚ БАЛА ТЕҢІЗІ
БАРЛЫҚ БАЛА МАКІНДАСЫ

ГҮЛНАРА БАЖКЕНОВА

ЖІГЕР, ЖҮРЕК ЖӘНЕ НИЕТ БОЛСА...

"Мемлекеттік Қызмет —

Государственная служба" баспасы

050013, Алматы қаласы, Желтоқсан к., 177а

Басуға 2018 жылғы 5 мамырда қол қойылды

Гарнитурасы Formular, Wermut

Қағазы оффсеттік. Офсеттік басылым

Таралымы 100 дана



Анар Ізден,
Нұрадин және
оның анасы



Қазалыдағы
Шынар
мұғалім



Исатай
мұғалім
мен Есен



Сәулежан
Үәзірқызы
және Аруjan



Мұғалім
Зарема
Жамшудқызы



Исаак
Мустопуло
және Стивен
Хокинг

